



**ГАЗДАНДЫРУ:
ҚАРҚЫН ҮДЕП КЕЛЕДІ**

4-БЕТ | ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА



**САУДА СОҒЫСЫ:
ҚАЙТА ҚЫЗҒАН МАЙДАН**

7-БЕТ | ШАРТАРАП



**АДНАН МЕНДЕРЕС
КІМ?**

9-БЕТ | ТҰЛҒА

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Рухтың анасы – ана тіліндегі кітап.
Ана тіліндегі кітаптың уызымен
ауызданбаған шенеунікте ұлттық рух
қайдан болсын?!.*

Шерхан МҰРТАЗА

”

№41
(4785)

Бейсенбі
10 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТҰРҒЫНДАР ТАЗАЛЫҚТЫ ҚАЛАЙДЫ

Елордада жаппай санитарлық тазалық жұмыстары қарқынды жүргізіле бастады. Кәсіпорындар мен мекеме ұжымдары өз аумақтарын қардан кейінгі қоқыстан тазартып жатса, коммуналдық қызмет жұмысшылары аядамалар мен қоршауларды, жол белгілері мен тротуарларды жуып жатыр. Сондай-ақ көктемгі ағаш отырғызу орындары да дайындалуда.



Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы М.Жұмабаев пен Абылай хан даңғылдарының арасындағы учаскеде Күйші Дина көшесінің құрылысын бастайтынын хабарлады.

Осыған байланысты, 2025 жылғы 9 сәуір мен 30 тамыз аралығында Күйші Дина көшесіндегі «Мирас» мектебінен М.Жұмабаев даңғылына дейінгі қозғалыс толығымен жабылады.

Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерден маршруттарды алдын ала жоспарлауды және қозғалысты ұйымдастырудағы ықтимал өзгерістерді ескеруді сұраймыз.



LRT ісі бойынша мемлекетке 920 млн теңге актив қайтарылды.

Ресми ақпаратқа сәйкес, борышкерлер мемлекет балансына жалпы саны 40 жылжымайтын мүлікті қайтарды. Оның ішінде – 39 тұрғын үй емес жай және ауданы 12,8 га теміржолы бар асфальт-бетон зауытының жылжымайтын мүлікке қызмет көрсету жер учаскесі бар.

«Қайтарылған активтердің жалпы құны – 920 млн теңге. Сонымен қатар мемлекеттің пайдасына құны 615 млн теңге тұратын тағы 37 мүлік нысан қаралып жатыр» делінген хабарламада.

Елордада жаңа туристік кешен салынады. Бірақ бұл Disneyland емес, құрамында үлкен ойын-сауық паркі бар халықаралық ауқымдағы кешен болмақ.

Аталған кешен елордадағы «Барыс Арена» мұз сарайының маңында орналасады. Жобаға шетелдік инвестор қаржы құйып отыр.

«Қазір жобаны жүзеге асыру басталды, ол жерде тек ойын-сауық орталығы ғана емес, сонымен қатар үлкен сауда орталығы мен халықаралық деңгейдегі қонақүйді қамтитын ауқымды кешен. Бұл нысан елордамыздағы маңызды туристік алаңға айналады деп ойлаймыз. 2027 жылы кешеннің



туристік бөлігі пайдалануға беріледі» деді Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев.



ВЕЛОСИПЕД МАУСЫМЫ АШЫЛАДЫ

Елордада «Astana Bike» қалалық веломаусым қызметін бастайды.

15 сәуір күні сағат 09:00-ден бастап абонемент сатып алуға болады. Жеңілдігі бар пайдаланушылар оны растау үшін авторизациядан өтуі қажет. Жаңа пайдаланушылар жыл бойы velobike.kz сайты арқылы тіркеуден өте алады.

Биыл велосипедтердің және стансалардың дизай-

ны жаңартылды.

Велосипед стансаларының тұрағы, абонемент түрлері және басқа да мәліметтерді velobike.kz сайтынан анықтау мүмкіндігі бар.

Одан бөлек, қосымша сұрақтар бойынша «iKomek 109» байланыс орталығы қолжетімді.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 566.59 \$ USD/KZT 518.57 ₪ RUB/KZT 6.05 ¥ CNY/KZT 70.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№41 (4785) 10/04/2025 Бейсенбі



СЕРІКТЕСТІК СЕРПІНІ АРТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Израиль Мемлекеті Кнессетінің Төрағасы Амир Охананы қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Израиль Парламенті спикерінің Қазақстанға сапары қазақ-израиль қарым-қатынасын нығайтуға екі елдің де бейіл екенін растайды.

Мемлекет басшысы екі-жақты ынтымақтастықтың перспективасын қарастыру тұрғысынан бұл сапардың мәні зор деп санайды. Кездесуде сауда-экономикалық серіктестікке баса назар аударылды. Сонымен қатар

су ресурстары саласындағы кооперация мәселесі талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Израильде жасалған озық технологияларға жоғары баға беріп, еліміз аталған бағытта серіктестік орнатуға әзір екенін растады.

Амир Охана қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты. Ол екі елдің көпжоспарлы байланыстарының табысты дамып, ықпалдастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашып келе жатқанына тоқталды.

ӘКІМГЕ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Павлодар облысының әкімі Асайын Байхановты қабылдады. Президентке Павлодар облысының былтырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өткен жылы Павлодар облысында экономиканың барлық секторындағы өсім бағамының өсімі байқалғаны жөнінде баяндалды. Былтыр өңірлік жалпы өнім 5,8 пайызға ұлғайды. Аймаққа 1,1 триллион теңге инвестиция (38 пайызға өскен) тартылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш.

Президентке құрамында алтын бар концентратты қайта өңдеу және ферроқорытпа өндірісі бойынша 2 ірі жобаның жүзеге асырылатыны туралы айтылды. Екібастұзда қуаттылығы 460 мың тонна болатын 3 ферроқорытпа зауытын салу жоспарланған. Бұл кәсіпорындар іске қосылса, Қазақстан ферроқорытпа өндірісі бойынша

әлемде екінші орынға шығады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа барлық әлеуметтік міндеттеменің жүйелі түрде орындалып жатқаны жайында мәлімет берілді. Облыста 30 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылған, 40 жаңа нысан пайдалануға беріліп, 83 әлеуметтік ғимарат жаңғыртудан өткен. Қосымша білім беретін 3 орталық, 1800 оқушыға арналған «Жайлы мектептер» салынған. Апаттық жағдайдағы мектептердің орнына 3 білім беру нысаны бой көтеріп, 26 оқу ошағы жөнделген.

Облыс әкімі соңғы 20 жылда алғаш рет жылуды жабықтау желілерінің тозу деңгейі 1,3 пайызға төмендегенін айтты.

Қоғамдық көлік 80 пайызға жаңартылып, 230 автобус жеткізілген. Еуропалық қайта құру және даму банкінің есебінен трамвай паркі жаңарып жатыр. Жаңа 25 вагонның алғашқы партиясы биыл қыркүйекте жеткізіледі.

Мемлекет басшысы инвестиция тартуды жалғастыру, «Жайлы мектеп» ұлттық жоспарын сапалы және уақтылы жүзеге асыру маңызды екенін атап өтті. Кездесу соңында Президент облыс экономикасын одан әрі әртараптандыру, әлеуметтік саланы дамыту, инфрақұрылымды жаңғырту және көктемгі егіс жұмыстарына дайындық жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫ АРТТЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Мемлекет басшысына Агенттік қызметінің негізгі қорытындылары туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған міндеттері таныстырылды.

Мемлекет басшысына 300 қылмыстық істі тергеп-тексеру аяқталғаны жөнінде баяндалды. Зардап шеккен азаматтарға 20 миллиард теңгеге жуық өтемақы қайтарылды. Қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылардың 2,2 миллиард теңге болатын криптовалюта түріндегі қылмыстық табыстары бұғатталды. Ұйымдасқан 6 қылмыстық топ жойылған. Олардың бірі – транзиттік топ. Ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда 23

жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Жанат Элиманов азаматтарды қаржы алаяқтарынан қорғау, қарыз жүктемесін азайту бойынша қабылданып жатқан іс-шаралар туралы мәлімдеді. Заңсыз жұмыс істеген шағын қаржы ұйымдарының желісі анықталды. Олардан 327 мың азамат зардап шеккен. Келтірілген залал мөлшері 20 миллиард теңгені құрайды. 24 қаржы пирамидасы жойылды. Алдын алу мақсатында алаяқтық

оқу орнындағы 567 мың оқушыға қаржылық қауіпсіздік бойынша сабақтар өткізілген. Мұндай жұмыстар 100 жоғары оқу орнында жүргізіліп, 100 мыңнан астам студентті қамтыған.

Бұдан бөлек, Жанат Элиманов Парламент Мәжілісінің қарауына кірістерді жылыстауға қарсы күрес мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер енгізілгенін хабарлады. Олар қабылданса, Қазақстан FATF стандарттарына техникалық



миллиард теңге көлеміндегі бюджет қаржысының мақсатсыз жұмсалыуына жол берілмеді.

Президентке ағаш пен темірдің заңсыз экспорттарының жолы кесілгені туралы баяндалды. Сондай-ақ жанар-жағармайды заңсыз тасымалдаудың ірі схемасы жойылғаны жайында айтылды. Бұл ішкі нарықтағы

схемаларды таратқан 5,6 мың сайт бұғатталып, 22 мыңнан астам мүшесі бар 30 топтық чат пен аккаунт жабылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жастарды қылмыстық схемаларға тартудың алдын алу үшін жүргізіліп жатқан профилактикалық шаралар жөнінде ақпарат берілді. Атап айтқанда, 2,8 мың

тұрғыдан толық сай келеді.

Мемлекет басшысы экономикалық құқық бұзушылықтың алдын алуды, көлеңкелі айналымның үлесін азайтуды, заңсыз иеленген активтерді жылыстауға қарсы күресті жалғастыруды, сондай-ақ халықтың қаржылық сауатын арттыруды тапсырды.

БАҚ САЛЫҚТАН БОСАЙ МА?

Мәжілістің жалпы отырысында депутат Нартай Сәрсенғалиев БАҚ-қа салынатын қосымша құн салығы мәселесін көтерді. Ол отандық басылымдарды қосымша құн салығынан босатуды ұсынды.

Сонымен қатар ресми тіркелген телеарна, радио және интернет ресурстарына ҚҚС-ны 10 пайыз деңгейінде қалдыру қажеттігін айтты. «Егер

БАҚ-қа қосымша құн салығы 16 пайызға жететін болса, бұл олардың халық үшін қажетті дүниелерді жасауына, бәсеке-лестікке қабілеттілігіне кері

әсер етеді. Сондай-ақ елімізде шетелдік БАҚ-тың көбеюіне әкеледі. Бұл үлкен қауіп» деген ойын айтты Нартай Сәрсенғалиев.

Денсаулық сақтау саласында қосымша құн салығынан босатылған дәрілік заттардың әлеуметтік тізбесін Үкімет белгілейді. Бұл салық тек ақылы медициналық қызметтерге салынады, оның сыйақысы – 10 пайыз. Әлеуметтік саладағы корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 2026 жылдан бастап 5%, 2027 жылдан бастап 10% болады. Банктік операцияларға да қосымша құн салығы салынады. Арнайы салық режимінде рұқсат ететін емес, тыйым салатын тізім енгізіледі. Өңдеу өнеркәсібіне 20% корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі бойынша салық салынады.

Жаңа Салық кодексінің маңызды бастамаларының бірі – жеке табыс салығының прогрессивті ставкасын енгізу. Жылдық табысы 8 500 айлық есептік көрсеткіштен (33 422 000 теңге) асатын қызметкерлер үшін 15%-ға жоғарылатылған мөлшерлеме белгілеу ұсынылады. Арнаулы салық режимдерінің саны жетіден үшке дейін қысқарады. Сондай-ақ тауарлардың жекелеген санаттарына «сән-салтанат салығы» деп аталатын күшейтілген салықты енгізу жоспарланып отыр.

ЖАҢА КОДЕКСТІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕДЕ?

Кеше Мәжіліс депутаттары жаңа Салық кодексінің жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Құжатты палата отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин таныстырды. Үкімет қосылған құн салығы бойынша шекті мәнді 40 миллион теңге деңгейінде белгілеуді ұсынып отыр. Қосымша құн салығының мөлшерлемесі 16 пайыз болады. Құжатқа сәйкес, қосымша құн салығынан: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері; кітап басып шығару саласы; археология босатылады.

Сонымен қатар жылжымайтын мүліктің құны 450 миллион теңгеден асқан жағдайда мүлік салығының мөлшерлемесін көтеру, сондай-ақ құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктерге, қымбат теңіз кемелері мен ұшақтарға және қымбат алкогольдік сусындар мен сигараларға 10% акциз енгізу ұсынылды. Бұл ретте Әлеуметтік-мәдени даму комитеті әлеуметтік салаға салық салуды концептуалды түрде қайта қарауды қажет деп санайды, соның ішінде: Білім, ғылым, спорт және денсаулық сақтау саласындағы ұйымдар үшін корпоративтік табыс салығының ставкаларын 5%-ке дейін төмендету; Мәдениет, кітап шығару, тарихи-мәдени мұра, кітапхана қызметі

және әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарын корпоративтік табыс салығынан босату; Бірқатар ауруларды емдеуге арналған медициналық қызметтер үшін қосылған құн салығын 5%-ке дейін төмендету немесе қосылған құн салығынан толық босату; Ауыр ауруларды емдеуге арналған дәрілер мен фармацевтикалық субстанцияларға қосылған құн салығының ставкаларын 5%-ке дейін төмендету; Отандық кітап басылымдары, киноиндустрия және анимация үшін қосылған құн салығының жеңілдіктерін енгізу; Әдеби, көркем және ғылыми шығармаларды жариялау үшін авторлық гонорарлар бойынша салық каникулдарын енгізу;

Алкоголь, темекі, қантты өнімдер, трансмайлар мен энергетикалық сусындарға акциздерді көтеру; Міндетті салықтық тіркеу үшін айналымның шекті деңгейін 10 000 АЕК деңгейінде белгілеу сияқты өзгерістер бар.

СӘН-САЛТАНАТ САЛЫҒЫ КӨБЕЙЕ МЕ?

Жоба аясында салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді, салықтық жеңілдіктер санын қысқарту, мониторингілеу және талдау бойынша жүйелі шаралар көзделген. Банк секторы (25%), ойын бизнесі (25%), әлеуметтік сала (10%) және ауыл шаруашылығы (3%) үшін корпоративтік табыс салығының

мөлшерлемесі сараланады. Базалық мөлшерлеме 20 пайыз деңгейінде қалады.

Ғимараттарды, құрылыстарды, машиналарды, жабдықтарды, бағдарламалық қамтылымды сатып алу немесе салу кезінде инвестициялық салықтық преференциялар қарастырылады. Жеке тұлғаларға салық салу бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін жеке табыс салығынан босату ұсынылады. Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жалақыдан базалық салық шегерімін белгілеу көзделді. 10 жылдан астам пайдаланылған автомобильдер үшін салық сомасы 30 пайызға, 20 жылдан астам пайдаланылғандарға 50 пайызға төмендетіледі. Ал «Сән-салтанат» заттарына (қымбат мүлік, автомобильдер, алкоголь және темекі өнімдері, теңіз кемелері, ұшу аппараттары) жоғары салық салу ұсынылады.

Бетті дайындаған
Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЖАҢА ДЕПО АШЫЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында Үркер тұрғын алабында жаңа өрт сөндіру депосы ашылатынын айтты.



«Келесі айда Үркер тұрғын алабында жаңа өрт сөндіру депосы ашылады. Осы уақытқа дейін тұрғындардың және мәслихат депутаттарының өтініштері бо-

йынша өртті сөндіру жұмыстарын Ақмола облысының ТЖД қызметкерлері (көршілес орналасқан Қараөткел елді мекені) елордалық әріптестерімен бір-

лесіе атқарып келді. Бұл мақсатта өзара іс-қимыл жоспары әзірленіп, жүзеге асырылған болатын. Соның нәтижесінде өрт сөндірушілердің оқиға орнына жету уақыты едәуір қысқарып, қауіпсіздік деңгейі артты» деді Табиғат Зейнұлқабден.

Мәслихат төрағасының сөзінше, аталған нысанда тұрғын алаптың белсенді тұрғындарымен кездесіп, бірқатар маңызды мәселелер талқыланған.

«Сондай-ақ жедел-құтқару жасағы мен №3 өрт сөндіру бөлімшесіне барып, олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуы, еңбек жағдайы және қызмет сапасы жөнінде пікір алмастық.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің төтенше жағдайларға жедел ден қою бойынша инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейін тұрақты комиссия отырысында жан-жақты қарастыратын боламыз» деп жазды ол.

ОҚУШЫЛАР ФОРУМЫ БАСТАЛДЫ

Астана қаласы әл-Фараби атындағы оқушылар шығармашылық сарайында шет мемлекеттен келген ғалымдардың қатысуымен «Балалар ғылымда» атты III Халықаралық оқушылардың ғылыми форумы басталды.



Шапағат Әбдір

Форум елорда әкімдігі мен қалалық білім басқармасы, «International Centre of Scientific Collaborations» жеке мекемесі, «Бір белдеу және бір жол» халықаралық ғылыми-білім беру консорциумы (BRISec) және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Халықаралық зияткерлік мен-

шік күнін, Қазақстан ғылым қызметкерлерінің күнін және зерттеулерге негізделген ғылыми білім беруді (IBSE) енгізу туралы Астана декларациясының қабылданғанына 10 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр.

Оған халықаралық ғылыми конкурстардың жас жеңімпаздары, инновациялық жобалар мен технологиялық әзірлемелердің авторлары қатысты.

Іс-шараның ашылу салтанатында сөз

сөйлеген Астана қаласы Білім басқармасының бастығы Қасымхан Сенғазиев форумының ашылуымен құттықтап, жан-жақтан жиналған ғалымдардың жұмысына өз ризашылығын білдіріп, талантты оқушыларға табыс тіледі.

Бұл форум – ғылымға қызығушылық танытқан дарынды жастарды, сондай-ақ Қазақстанның әр өңірінен және шет мемлекеттерден келген құрметті ұстаздар, ғалымдар мен қонақтарды біріктіретін бірегей алаң. Ол жас зерттеушілердің ой-өрісін кеңейтіп, пікір алмасуға, ғылыми жобаларды ұсынуға мол мүмкіндік береді. Ерекше атап өтетін жайт – форумға еліміздің және шетелдің жетекші университеттерінде білім алып жатқан алдыңғы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары – студенттердің де қатысуы. Бұл бүгінгі мектеп оқушылары үшін үлкен мотивация болмақ. Ал оқушылардың интеллектуалдық дамуына деген қызығушылықтарының артып келе жатқанын 4885 оқушының түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, оның 2389-ының жүлделі орындарға ие болуы дәлелдейді. Біз халықаралық аренадағы жетістіктерімізбен мақтанамыз: 61 қатысушының 24-і жүлделі орындарға қол жеткізіп, оның ішінде 9-ы бірінші орынды жеңіп алды.

Аталған форум үш күнге жалғасады. Онда оқушылар бір-бірімен идея алмасып, инновациялық жобаларын көрсетуіне мол мүмкіндік жаратылмақ.

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Елорданың коммуналдық қызметтері қыс мезгілінен кейін қаланы санитарлық тазалау бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатыр. Осы жұмыс аясында қоршаулар, аялдамалар, жарықтандыру бағаналары, жол белгілері, жолдар, тротуарлар және т.б. қалалық инфрақұрылымның әртүрлі нысандары белсенді түрде тазартылып, жуылады. Қаланың барлық ауданында санитарлық тазалау жұмысы белсенді жүргізілуде.

Байқоңыр ауданында санитарлық тазалау жұмысы қызу жүріп жатыр. Көпірлер, қоршаулар, аялдамалар, тротуарлар, жиектер, жол белгілері күн сайын жуылады. Қауіпсіздікті жақсарту мақсатында ағаштарды санитарлық кесу және шөп қырку жұмыстары жүргізілуде. Ауданды көгалдандыру аясында жаңа жасыл алқаптар отырғызу алаңдары дайындалуда. Сондай-ақ жұмыс көпірлерді, қоршауларды, балалар ойын алаңдарын жөндеу және сырлау, сондай-ақ қоқыс жәшіктері мен контейнерлерді жөндеуден тұрады. Ауданды санитарлық тазалауға 123 арнайы

техника мен 470 жұмысшы жұмылдырылған. Дәл осындай жұмыс Алматы ауданында да жүргізіліп жатыр. Мұнда ағаштарды кесуге, аялдамаларды тазалауға ерекше көңіл бөлініп отыр. Кең ауқымды тазалау ыңғайлы қалалық ортаны құруға арналған. Бұған 145 арнайы техника мен 320 жол жұмысшысы жұмылдырылған.

Нұра ауданында аумақты тазалауға 140-тан астам арнайы техника мен 400-ден астам жол қызметкері жұмылдырылған. Жол инфрақұрылымының элементтері – аялдамалар, белгілер, бағдаршамдар, көпірлер, тротуарлар,

қоршаулар шаң мен тозаңнан тазартылған. Көгалдар ретке келтіріліп, ағаштарды санитарлық кесу жүргізілуде.

Сарайшық ауданында күн сайын жаяу жүргіншілер жолы мен көпірлер жуылып, ағаштар кесіліп, көгалдар тазартылып, жаңа жасыл желектерді отырғызу үшін көшеттерге арналған шұңқырлар дайындалуда. Ауданды санитарлық тазалауға 130 арнайы техника мен 350 жол жұмысшы жұмылдырылған.

Есіл ауданында жаяу жүргіншілер жолын тазалау және жуу жұмысы жалғасып жатыр. Ауданда жалпы ұзындығы 159 мың метрді құрайтын 140-тан астам көше бар. Жаяу жүргіншілер жолының ауданы 1,3 миллион шаршы метрден асады және онда күн сайын жұмыстар жүргізілуде.

Сарыарқа ауданында 164 арнайы техника мен 596 жұмысшы жұмылдырылған. Қазіргі уақытта аумақты тазарту жұмысы қарқынды жүргізілуде: жолдар, жаяу жүргіншілер жолы, көпірлер, қоршаулар мен аялдамалар, сондай-ақ жарықтандыру бағаналары мен көше жиһаздары жуылып жатыр.



Елорданың №71 мектеп-лицейінде «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен «Жеңіс жолдарымен» атты «Жас сарбаз» сыныбының демонстрациялық қойылымы өтті.

ЖАЛЫНДЫ ЖАС САРБАЗДАР



Индира БЕРЖАНОВА

Жастарға Отан алдындағы парызыңды парқын жете түсіндіріп, елжандылыққа тәрбиелеуді мақсат еткен іс-шара Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілді. Оған №78 және №79 мектептерінің «Жас сарбаз» сыныптары қатысты.

Ұйымдастырушылар бұл іс-шара жасөспірімдердің әскери-патриоттық сезімдерін ояту, жастардың санасын жаңғырту, төл тарихын

білетін, бүгін бағалайтын, тәуелсіздігін көзінің қарашығындай қорғайтын ұлағатты жас өрендердің қатарын толықтыруға бағытталғанын айтты.

Мерекелік іс-шара барысында кадет сыныптары концерттік бағдарлама ұсынып, саптық даярлық пен өзінің қорғау әдістерін ортаға салды. Оның ішінде атап өтерлігі, мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Қанат Жұмағұлов тәрбиелеп отырған «Жас сарбаз» сыныбы – еліміздегі 5-сынып оқушыларынан құралған жалғыз кадет сыныбы.

ҮРКЕРЛІКТЕР СЕНЫБІЛІК ӨТКІЗДІ

Астанада «Таза Қазақстан» экологиялық іс-шарасы аясында Үркер тұрғын алабында орналасқан «Нұра» дене шынықтыру-сауықтыру кешені маңында ауқымды сенбілік өтті.



Іс-шараға мекеменің жас спортшылары, бапкерлері мен қызметкерлері белсенді қатысты. Олар ғимараттың терезелерін жуып, айналасын қоқыстан тазартты.

«Мұндай іс-шаралар біз үшін өте маңызды, өйткені біз салауатты өмір салтын насихаттаймыз. Экологиялық таза қоршаған орта мен дене шынықтыру – денсаулық кепілі, сондықтан мұндай іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады» деді

«Нұра» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің басшысы Жасұлан Әбдіхалықов.

Экологиялық акцияға Үркер елді мекенінің тұрғындары да қатысты. «Бүгін біз, Үркер ықшамауданының тұрғындары, йога сабағына қатысып қана қоймай, тазалық шараларын да өткіздік. Жаздығүні далада жаттығу жасайтын аумағымызды сыпырып, тазарттық» дейді йога жаттықтырушысы Марина Шустова.

№41 (4785) 10/04/2025 Бейсенбі

Ержан
ҚОЖАС**БЫЛТЫР 200 ЖОБА
ОРЫНДАЛДЫ**

Ал Энергетика министрлігі мынадай мәлімет ұсынғаны бар. Өткен жылы елімізде шикі газ өндірісі 59 млрд текше метрді құраған. 28,7 млрд текше метр тауарлық газ өндіріліп, оның ішінде 5,6 млрд текше метрді экспортталды. Сондай-ақ министрлік 2023 жылы республикадағы газдандыру көрсеткішін 60 пайызға жеткізсе, былтырғы қорытынды бойынша елдегі газдандыру деңгейі 61,5 пайыз болғанын айтады. Бұл – 12 млн-нан астам адам газ тұтынып отыр деген сөз. Оның ішінде газдандыру деңгейі 90 пайыздан асатын аймақтар да бар. Бұған Ақтау, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл облысы мен Шымкент, Алматы қаласы кіреді. Ал газдандыру деңгейі 40-80 пайыз болатын өңірлерге Алматы, Қызылорда, Түркістан, Жетісу және Қостанай облысы жатады. Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облысы мен Астана қаласының газдандыру деңгейі 20 пайыздан төмен. Мүлде газ тұтынбайтын өңірлерге Абай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облысы жатады.

Министрліктің тағы бір ақпаратына көз жүгіртсек, Атыраудағы Ұлттық құрылтай отырысындағы Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтыр салада 200 жоба іске асқан. Соның арқасында 300 мыңнан астам адам «көгілдір отынға» қол жеткізген. Елде 1700 шақырымнан астам газ желісі салынып, газдандыру деңгейі 61,5 пайызға дейін өсті.

Билы мемлекет тарапынан өңірлерде іске асатын 45 жобаға (Ақмола – 1, Жетісу – 21, Атырау – 1, Жамбыл – 4, Қарағанды – 2, Ұлытау – 3, Қызылорда – 6, Қостанай – 1, Маңғыстау – 1, Түркістан – 2, Шымкент – 1, Алматы – 1, Астана қаласы – 1) 65,9 млрд теңге қаржы қарастырылған.

Айтпақшы, министрлік бұған дейін республиканың солтүстік-шығыс өңірлерін газдандыруға қатысты екі нұсқа қарастырған еді. Біріншісі – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарын газдандыру үшін «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының (МГҚ) ІІ-ІІІ кезеңдерін жүзеге асыру. Жоба құны – 188,5 млрд теңге. Алайда бұл жоба іске асу үшін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ ІІ желісін салу қажет. Екіншісі – көрші Ресей арқылы газдандыру жобасы. Қазір Үкімет және «Газпром» ЖАҚ солтүстік-шығыс өңірлерін газдандыру бойынша келіссөздер жүргізіп жатыр. Шешім де Ресей компаниясымен газдың бағасын және тартылатын құбырдың маршрутын анықтағаннан кейін қабылданбақ.

**БАС ҚАЛА КӨМІРДЕН
АРЫЛА МА?**

Астана қаласын газдандыру мәселесі кейінгі бірнеше жыл бойы өзектілігін жоғалтқан

ГАЗДАНДЫРУ: ҚАРҚЫН ҮДЕП КЕЛЕДІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов «Ілгерілеуге бастаған алты жыл: Қазақстан орнықты даму жолында» атты мақаласында елдегі атқарылған ауқымды жұмыстарды айта келіп, әр сала бойынша жекелей тоқталғаны бар. Сонда Үкімет басшысы республикадағы «көгілдір отын» құрылысын да арнайы атап өтіп, алдағы жобаларды да тізбелепті. «Елімізді газдандыру жұмыстары жалғасуда. 2025 жылдың басында 12 миллионнан астам адам табиғи газға қол жеткізді. 2024 жылы 1,7 мың шақырымнан астам газ желілері салынды. Биыл елді мекендерді газдандыру бойынша тағы 45 жоба іске асырылуда, бұл газбен қамтылғандарды 12,4 миллион адамға дейін, ал газдандыру деңгейін 62%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді» деп көрсетеді ол өз мақаласында.

жоқ. Қала экологиясын жақсарту және халықты көгілдір отынмен қамтамасыз ету – елорданың билігінің басым міндеттерінің бірі. Ал Астана қаласы Энергетика басқармасының мәліметінше, елордадағы 6 жыл бұрын басталған газ тарату желілерінің құрылысы үш кезеңге бөлінген. Бүгінде Сарыарқа (Көктал-1, Көктал-2, Атроқалашық және қаланың ескі бөлігіндегі Г.Потанин көшесінің ауданы), Алматы (Железнодорожный, Промышленный, Оңтүстік-шығыс ауданының оң мен сол қанаты, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональ-ный тұрғын алабы), сондай-ақ Ақбидай, Қазақ ауыл шағын ауданында, Есіл («Vela Village», «Куршевель», «Family Town», «Family Park» тұрғын үй кешені) және Нұра («Будапешт», «Cosmic City» тұрғын үй кешені) ауданы «көгілдір отынға» қосылды. Бұған қоса «Тұран», «Тельман», «Оңтүстік-шығыс» газ жылу станциялары мен Ильинка, Тельман, Пригородный, «Family Village», Өндіріс, Кирпичный тұрғын алаптарына газ жеткізу желілерінің құрылысы бітті.

«Үшінші кезең бойынша жұмыстар 2024-2026 жылдарға жоспарланған. Бұған қажетті қаражат республикалық және жергілікті бюджет есебінен және жеке инвестицияларды тарту арқылы қарастырылады. Жобалар аясында қала әкімдігі тарапынан былтыр үшінші автоматтандырылған газ тарату стансасы (АГРС-3) станциясының құрылысы басталды. Сондай-ақ екі жыл бұрын газ желісінің құрылысы басталған Шұбар тұрғын алабындағы 890 үйге «көгілдір отын» кіргізіледі. Осы жылы Тельман тұрғын алабында газ желісінің құрылысы басталып жатыр. Мұндағы басты мақсат – қаланы зиянды түтіннен толық арылту. Өздеріңізге белгілі, ең көп көмір түтіні қала орталығындағы осы тұрғын алаптарында байқалып отыр. Бүгінде қажетті қаржы бөлінді. Өткен жылы «Family Village» тұрғын алабында құрылыс-монтаждау жұмысы аяқталып, 8,7 шақырым газ желісі тартылса, Үркер тұрғын алабына пилоттық бағдарлама арқылы құрылыс жұмыстары инвестор шотынан 45 шақырым желі

жүргізілді. Бұл – алдағы уақытта 1000-ға жуық тұтынушының газға қосылуына мүмкіндік туды деген сөз. Аталған Үркер тұрғын алабында абоненттердің жалпы саны – 4995. Жалпы жұмыстардың толық аяқталуы осы жылдың соңына дейін жоспарланып отыр» дейді Энергетика басқармасы газдандыру бөлімінің басшысы Рахымжан Алтынбек.

Жауапты басшының сөзінше, әкімдік қаладағы қалған тұрғын алаптарды газдандыру бойынша жобалау жұмыстарын жүргізуде. Мысалы, Пригородный (150 үй), Өндіріс (2120 үй), Кирпичный (512 үй) және «Garden Village» (68 үй) алабы бойынша сарап-тамаңның оң қорытындысын алу маусым айының соңына дейін жоспарланыпты. Ал жобалар мақұлданып, қаржыландыру уақытылы жүрсе, бас шаһардың тұрғындары (газ тұтынуды қажет ететін 300 мың халық) көмір жағудан 2026 жылдың соңына дейін толық құтылады деуге болады.

«Бүгінде қалада 800 шақырым газбен жабдықтау желісі қызмет етіп тұр. Бұған қоса 27

газ тарату мен 58 шкафтық газ тарату пункті, қуаты сағатына 460 мың текше метрді құрайтын екі автоматтандырылған газ тарату стансасы жұмыс істейді. Сонымен қатар қаладағы барлық жылу электр станциялары газға қосылған. Елордада тұратын 216 мыңға жуық халыққа, яғни 14 мың абонентке газ қолжетімді болып отыр. Мұның ішінде нақты 12 мың абонент «көгілдір отынның» қызығын көріп отыр» дейді Рахымжан Алтынбек.

Айта кетейік, жеке тұлғалар тариф бойынша газдың әр текше метріне 39 теңге төлейді екен. Мұны шамамен есептесек, айына 100 шаршы метрге 17-20 мың, ал 120 шаршы метрге айына шамамен 20-25 мың теңге қаражат деген сөз.

**ШҮБАР БӘМ
ШҮБАЛАҢ ТҮТІН...**

Елдің бас қаласы – Астанаға кейбір аудандарына «көгілдір отынның» толық жетпегені анық.

«Өзіңізге белгілі, 2018 жылы «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының құрылысы Сыр бойынан бері қарай басталды. Жоба төрт кезеңнен тұрады. Оның алғашқысы «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана» бағыты бойынша 1061 шақырымды қамтыды. Бұл кезеңде Астана, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларының тұрғындары мен магистральдық газ құбыры бойында орналасқан елді мекендер табиғи газға қол жеткізді. 2019 жылдың желтоқсанында газ құбыры елордаға жетіп, пайдалануға беріле бастады» дейді Астана қалалық мәслихатының депутаты, бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Кендебай Адамбек.

Оның сөзінше, қазір Астанада газ тарату желілерін салу және қала тұрғындарын табиғи газға қосу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Жобаның үшінші кезеңінде газ тарату станциясының қуаты 350 мың м³/сағ болмақ.

«Астана қаласының әкімдігі тарапынан газ тарату желілерінің құрылысын жүйелеу үш кезеңге бөлінген. 2021 жылы газдандырудың І кезеңінің, сондай-ақ ішінара газдандырудың ІІ кезеңінің құрылысын аяқтады. Жұмыстың қалған ІІ және ІІІ кезегі республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2022-2026 жылдарға жоспарланған. Былтыр аудандық «Тұран», «Тельман», «Оңтүстік-Шығыс» қазандықтарына және «Ильинка», «Тельман», «Пригородный», «Family Village», «Өндіріс» тұрғын алабына газ жеткізу желілерінің құрылысы аяқталды. «Шұбар» тұрғын алабын газдандыру жобасы

қарқынды жүзеге асырылуда. Бұл ауданды газбен жабдықтау жұмыстары 2023 жылдың 11 желтоқсанында басталды. Жоба 890 жеке тұрғын үйді сапалы және тұрақты газбен жабдықтауға бағытталған. Бүгінде құрылыс жұмыстарының 90%-ы аяқталды. Жалпы құны 940,3 миллион теңгені құрайды. Жобаның техникалық құжаттамасы бойынша 30 шақырым газ тарату желісін салу көзделген. Бүгінде оның 27 шақырымы аяқталды. Қазіргі таңда құбырларды бояу және сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілуде. Газ тарату желісінің толық іске қосылуы 2025 жылдың соңына жоспарланып отыр» дейді К.Адамбек.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС КӨП

Депутаттың айтуынша, 2026 жылы бас қаладағы 300 мыңға жуық халық газға қол жеткізеді. Екіншіден, тұрғын үй аумақтарын газдандыру және энергия көздерін газға көшіру атмосфераға зиянды шығынды жылына 40 мың тоннаға азайтуға, сондай-ақ газ баллондарын пайдаланумен байланысты төтенше жағдайларды барынша азайтуға мүмкіндік бермек.

«Жалпы елорда мәслихаты «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету үшін тиісті жұмыстар жүргізуде. Депутаттар тұрғындарды газға көшіруге көмектесу үшін бірқатар шараларды қолдады. Атап айтсақ, газға қосылу үшін құжаттар тізімі қысқартылды. Бұл қосылған абоненттер санын 3 мыңнан 8 мыңға дейін арттыруға мүмкіндік берді. 130 мың теңгеден басталатын газ есептегіш құралдары тегін берілді. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 511 мың теңге мөлшерінде ақшалай өтемақы көрсетіледі. Үйді газдандыруға ақшалай арқылы бөліп төлеу және пайызсыз несиесі беру бағдарламалары бар. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ қаланың аудан әкімдіктерімен бірлесе отырып, 20 минут ішінде техникалық шарттарды беруді қамтамасыз ететін тұрғын аудандарда мобильді топтар құрды. Барлық газ тарату желілері одан әрі техникалық және тұтынушыларға қызмет көрсету мақсатында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Ұлттық операторына берілді» дейді қалалық мәслихат депутаты.

Сөз соңы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында елді газбен қамтамасыз етудің өзекті екенін айтып келеді. «Тауарлы газдың ресурстық базасын кеңейту – Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет» деген Президент елдегі Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сияқты мұнай-газ алпауыттары газды қолжетімді бағамен ұсынуға тиіс екенін, сондай-ақ жаңа газ кеніштерін барлау және игеру үшін инвестиция тарту аса маңызды екенін баса айтқан еді. Аталған мәселе былтыр Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда да қозғалып, Президент Үкіметке газ тарату тарапынан газ тарату желілерінің құрылысын жүйелеу үш кезеңге бөлінген. 2021 жылы газдандырудың І кезеңінің, сондай-ақ ішінара газдандырудың ІІ кезеңінің құрылысын аяқтады. Жұмыстың қалған ІІ және ІІІ кезегі республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2022-2026 жылдарға жоспарланған. Былтыр аудандық «Тұран», «Тельман», «Оңтүстік-Шығыс» қазандықтарына және «Ильинка», «Тельман», «Пригородный», «Family Village», «Өндіріс» тұрғын алабына газ жеткізу желілерінің құрылысы аяқталды. «Шұбар» тұрғын алабын газдандыру жобасы

ГАЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

ЕЛДЕ 1700 ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ГАЗ ЖЕЛІСІ САЛЫНЫП, ГАЗДАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ 61,5 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН ӨСТІ

Былтырғы қорытынды бойынша елдегі газдандыру деңгейі 61,5 пайыз болған. Бұл – 12 млн-нан астам адам газ тұтынып отыр деген сөз

ЕЛОРДАДА 14 МЫҢ АБОНЕНТКЕ ГАЗ ҚОЛЖЕТІМДІ

БҮГІНДЕ ЕЛОРДАДА 800 ШАҚЫРЫМ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖЕЛІСІ ҚЫЗМЕТ ЕТІП ТҮР

Қуаты сағатына 460 мың текше метрді құрайтын екі автоматтандырылған газ тарату стансасы жұмыс істейді

Өткен жылы елімізде шикі газ өндірісі 59 млрд текше метрді құраған

2026 жылы бас қаладағы 300 мыңға жуық халық газға қол жеткізеді.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА – ҰДАЙЫ ДАЙЫН

Ержан ҚОЖАС

«Бүгінгі кездесуде өрт сөндірушілерге қажетті барлық құрығылар таныстырылып, ғимараттағы жөндеу жұмыстарын көрсеттік. Сондай-ақ әкімшіліктен қандай көмек қажеттігі де талқыланды. Ең маңыздысы, біздегі көлік құралдарын жаңарту, жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу мәселесі назардан тыс қалған емес. Қазірдің өзінде біздегі жөндеуді қажет ететін екі техникаға қажетті ақша бюджеттен бөлініп отыр. Ал ғимаратты жөндеуге республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, үш ай бұрын жаңарту жұмыстары бітті. Ішінде 25 орындық демалыс бөлмесі, асхана, кітапхана, жаттығу залы және моншасы бар. Қазір осы №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде төрт ауысыммен 90-ға жуық қызметкер жұмыс істейді» дейді Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру басқармасының бастығы Саят Қажымов.

Ал Жедел құтқару жасағында 80-ге жуық адам қызметкер бар. Мұндағы төтеншеліктер тұрғындарды құтқару қызметінің барлық түріне де атсалыса береді.

«Бізде сунгуірлер де, кинологтар да, альпинистер де бар. Астана қаласындағы кейбір тұрмыстық жағдайда немесе ауа райының бұзылуы, суда, жол апаты, тағы басқа оқыс жағдайларда көмек көрсетеміз. Жұмысымыз соңғы үлгідегі жаңа техникалар, суда жүзу құралдары, жол талғамайтын көліктермен де қамтылған. Сондай-ақ қандай да бір қауіпте даяр болатын құтқарушыларды дайындау ісі де өзімізде жүргізіледі. Үкімет, салаалық министрлікпен бірлесіп жергілікті әкімдік пен мәслихат біздің салаға қолдауын көрсетіп келеді. Мысалы, өзіңіз көрген су жаңа жеңіл көліктер де жақында ғана берілді. Ендігі ұсыныс бар, ол да депутаттармен кездесуде сөз болды. Яғни қыстың қатал ауа райында қажетті техникаларды сақтау үшін жабық үлгідегі ғимарат керектігі айтылды» дейді Төтенше жағдай департаментіне қарасты Жедел құтқару жасағы бастығының орынбасары Оразхан Дәуітов.

Апта ішінде Астана қалалық мәслихатының депутаттары елордадағы Төтенше жағдай департаменті қызметінің түрлі жағдайларға қажетті инфрақұрылыммен қамтылуын зерделеді. Бас қалада орналасқан №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі, Жедел құтқару жасағы, сондай-ақ Өрт сөндіру депосына барып, құтқарушылардың жұмысын көрді, арнайы ұсыныстарын тыңдады.

Қалалық мәслихат депутаттарының сөзінше, төтеншеліктердің қызметіне қолдау көрсету – басты назарда болып қала бермек.

«Қаладағы биік ғимараттардың бірі – «Триумф Астана» тұрғын үй кешені жанында орналасқан №3 арнаулы өрт сөндіру бөліміне бөлінген қаржыға жасалған жөндеу жұмыстарын, қарамағындағы техника мен басқа арнаулы құрылғыларды псықтадық. Өрт сөндірушілермен кездесуде биік ғимараттарда болуы мүмкін өрт сөндіруге арналған екі сатыны жөндеуге қаржы қажеттілігі айтылды. Осындағы екі техникалық көлікке арналған арнаулы сатыға наурызда қаржы бөлгенбіз. Бұл мәселенің де оңтайлы шешімін табамыз. Екіншіден, қазір күн жылып, мұз құрсауы босанып, елордадағы өзендер мен кішігірім көлдер еріп жатыр. Сол мақсатпен Тұран даңғылында орналасқан Жедел құтқарушы жасағының жұмысымен таныстық. Жалпы мәслихат тарапынан халықты төтенше жағдайдан қорғауға арналған шаралар мен құрал-жабдықтарға департаментке көмек беру жүйелі түрде жалғасатын болады» дейді Астана қалалық мәслихатының депутаты, бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Кендебай Адамбек.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден елордадағы төтенше жағдайларға қатысты инфрақұрылыммен қамтамасыз ету деңгейі тұрақты комиссия отырысында жан-жақты қарастырылатын болады.

«Келесі айда Үркер тұрғын алабында жаңа өрт сөндіру депосы ашылады. Осы уақытқа дейін тұрғындардың және мәслихат



депутаттарының өтініштерімен өрт сөндіру жұмыстарын Ақмола облысына қарасты Қараөткел елді мекенінде орналасқан ТЖД қызметкерлері елордалық әріптестерімен бірлесіп



Оңалхан ӨНЕРХАН

атқарып келді. Бұл мақсатта өзара іс-қимыл жоспары әзірленіп, жүзеге асырылған болатын. Соның нәтижесінде өрт сөндірушілердің оқиға орнына жету уақыты едәуір

қысқарып, қауіпсіздік деңгейі артты. Аталған нысанда тұрғын алаптың белсенді тұрғындарымен кездесіп, бірқатар маңызды мәселелер талқыланды. Сондай-ақ Жедел құтқару жасағы мен №3

өрт сөндіру бөліміне барып, олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуы, еңбек жағдайы және қызмет сапасы жөнінде пікір алмастық» дейді қалалық мәслихат төрағасы.

60-тан АСТАМ КӨШЕ ЖӨНДЕЛМЕК

Күн райы жылынып, Астанада жолдарды жөндеу және салу жұмыстары басталды. Биыл бас қаланың жол инфрақұрылымын жақсарту бағдарламасымен 60-тан астам көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.



Мұндағы мақсат – жол сапасын қалпына келтіру мен жақсартуға ғана емес, сонымен қатар жол қозғалысы қауіпсіздігі мен тұрғындардың емін-еркін жүруін арттыруға бағытталып отыр. Деректерге сүйенсек, 10 сәуірден бастап мына көшелерде, яғни Алаш тасжолының бойы, 69 көшеден 191 көшеге дейін; Қорғалжын тасжолының бойы, Тұран даңғылынан 128 көшеге дейін; Сығанақ көшесі Қабанбай батыр даңғылынан көлік айрығына дейін (өткен жылы жұмыстар Ш.Айтматов көшесінен Қабанбай батыр даңғылына дейінгі учаскеде жүргізілген); жөндеу жұмыстары басталмақ. Сондай-ақ тұрғын алаптардағы Жаңақоныс, Қарталы, Фахт бен Абдул Азиз, Герцен, Ш.Бөкеев және т.б. көшелерді де жол жұмысы қамтылады.

Жөндеудің негізгі кезеңдерінің бірі – шұңқырлы тұстар мен маршруттық жолдар болады.

Бұл – зақымданған асфальт жабынын қайта қалпына келтіріп, жол жағдайын жақсартуды және автокөлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілер үшін қозғалыс ыңғайлылығын қамтамасыз етеді. Бұл бағыттағы жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Сондай-ақ жоспарланған жұмыстардың қатарында жаңа тротуарларды, аялдама бұрылыстарын, пандустарды салу мәселесі бар. Жол белгілері де жаңартылады. «Балалар қауіпсіздігі» сияқты бағдарламаларға ерекше назар аударылып, оның аясында балалар мекемелері мен мектептердің жанында орналасқан учаскелерде балалар мен ата-аналардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін белгілер орнатылады.

Бұдан басқа биыл елордада ұзындығы 14,7 км болатын 43 нысанның құрылысы жоспарланып отыр. Бүгінде сегіз жоба бойынша жұмыс толық аяқта-

луға жақын. 28 жоба бойынша жұмыс жүріп жатса, тағы жетеуі енді басталады. Олар – Қ.Қайсенов (Бұқар жырау көшесінен Ұлы Дала даңғылына дейін), Бұқар жырау (әл-Фараби даңғылынан Жошы хан көшесіне дейін), Т.Рысқұлов (Мәңгілік ел даңғылынан Нұра-Есіл каналына дейін) және т.б. көшелер. Сондай-ақ Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесінің қиылысында екі деңгейлі көлік айрығын салу жобасын жүзеге асырылып жатыр.

Жыл соңына дейін жол жүруді қамтамасыз ете отырып, Қ.Мұхамедханов көшесін салу жұмысы іске асырылуда. Бұл Ш.Айтматов пен Қорғалжын тасжолының қиылысындағы көлік ағынын азайтуға септігін тигізбек.

Айта кетейік, жөндеу жұмысына байланысты жабылатын әрбір учаске бойынша ресми дереккөздерде алдын ала хабарланатын болады.

№941 (4785) 10/04/2025 Бейсенбі



Осыдан екі жыл бұрын Мемлекет басшысы балаларымыздың болашағы үшін «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін әзірледі тапсырған еді. Бұл – елдің ақшасын үнемдеп қана қоймай, балаларымызды жоғары біліммен қамтамасыз ету үшін жақсы жағдай жасауға бағытталған жоба.

Гулимира
АЙМАҒАНБЕТ

«Қаржы орталығы» АҚ Ілгерілету және сыртқы коммуникациялар департаменті директорының міндетін атқарушы Диас Жамбыловтың айтуынша, жүйенің негізгі мақсаты – әртүрлі көздерден (ата-ана, сақтандыру компаниясы, мемлекет) түсетін қаражатты бірыңғай жинақтаушы жүйесіне жинақтау.

«Бұл – жоғары, техникалық және кәсіптік білім беруді қоса алғанда, елімізде және шет елдерде білім беру қызметтеріне ақы төлеу мақсатында Қазақстан балалары 18 жасқа толғанға дейін қаржы қаражатын тұрақты жинақтау үшін оларға арналған мемлекеттік білім беру гранттарын бөлумен қатар, іске асырылатын мемлекеттік қолдаудың қосымша тетігі. «Келешек» жүйесіне қатысу үшін ата-аналар немесе қамқоршылар банкте депозит ашуы керек немесе Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің

«КЕЛЕШЕК» – БАЛА БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

қатысушысы болып табылатын өмірді сақтандыру компанияларымен шарт жасасады. Сонымен қатар бағдарламада қамтитын базалық параметрлерді ескеруі қажет» дейді ол.

Айта кеткен жөн, «Келешек» жүйесі аясындағы жинақтармен қатар, Ұлттық қордың инвестициялық кірісінен жыл сайын 50% мөлшерінде Қазақстанның

кәмелетке толмаған әрбір азаматына «Балаларға арналған ұлттық қор» аясында қаражат бөлінетін болады. Кейіннен бала 18 жасқа толған кезде жинақ жүйесі сақтандыру компаниясынан жинақталған қаражатпен Ұлттық қорда жинақталған барлық жинақтарды біріктіріп, өзі таңдаған ЖОО-ға оқу ақысын төлеуге мүмкіндігі болады.

«Жалпы алғанда, бүгінгі таңда Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің серіктестерінің саны – 14. 2025 жылғы қаңтар айындағы салымшылардың саны 91 509 қатысушыны құрайды. «Келешек» шеңберінде барлық шоттарды Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры, ал сақтандыру төлемдерінің барлық сомасын – Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры сақтандыратын болады. Сонымен бірге салымдарға өндіріп алу, тыйым салу бойынша талаптар немесе өзге де шектеулер қолданылмайды. Егер жасөспірім мемлекеттік грант ұтып алған болса жинақтауды одан әрі жалғастыра беруіне, қаражатты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға пайдалануға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға жұмсауға, осы бағдарламаға қатысатын үшінші тұлғаға аударуына немесе барлық жинақталған қаражатты қатысушы-банкнің капиталдан-дырылған сыйақысымен, мемлекеттен берген сыйақылармен және бастапқы білім беру капиталымен алуына болады» дейді «Қаржы орталығы» АҚ Ілгерілету және сыртқы коммуникациялар департаменті директорының міндетін атқарушы Диас Жамбылов.



Бибигүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты:

ТАЗЫ МЕН ТӨБЕТТІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

– Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайдың 4-отырысында қазақтың қазынасы – тазыны халықаралық тізімге енгізе алғанымызды, аң аулайтын айрықша қасиеттері бар қазақты иттің тұқымын енді бүкіл әлем біле алатынын жария етті. Қазақтың құмай тазысы – қазақ даласында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан иттің бірегей тұқымы. Ол – мәдени мұраның бір бөлігі ғана емес, сонымен бірге ұлттық бірегейліктің маңызды символы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы Қазақстан халқына Жолдауында дәстүрлі аңшылық мәдениетін сақтауды қоса алғанда, ұлттық құндылықтарды жаңғыртудың маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы қазақ тазысын қорғау бойынша нақты шаралардың қажет-

тілігі туралы бірнеше рет айтты. Арнайы заң қабылданып, бірқатар мәселелер де қамтылып жатыр. Дегенмен, Тазы тұқымының тазалығын сақтау және оның шетелге бақылаусыз шығарылуын болдырмау үшін қатаң жауапкершілікті белгілеу керек. Сонымен қатар, ұлттық кинологтар қауымдастығы өкілдерінің пікірінше, елімізде тазы мен төбет күні деп белгіленген 3 қыркүйек - тарихи және мәдени дәстүрлерге толығымен сәйкес келмейді. Қазақ аңшылық мәдениетінде тазы мен төбет – тек ит тұқымы ғана емес, көшпенділердің серіктері, аңшылық пен дала өмірінің символы. Дәстүр бойынша, Қазақстанда аң

аулау маусымы қараша айында, алғашқы қалың қар түскен кез – қансонарда басталады. Тазы мен төбет күнін осы кезеңге орайластырып, қарашаның бірінші жексенбісіне белгілеуді қарастырған жөн. Бұл – мерекенің аңшылық, саятшылық дәстүрлерімен байланысын күшейтеді және далалық аң аулау мен ұлттық спорт түрлерін қоса алғанда, тақырыптық іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, тазы мен төбет күнін дәстүрлі аңшылық маусымының ресми ашылуымен байланыстыра отырып, қарашаның бірінші аптасына ауыстыруды қарастыру ұсынылады. Бұл мерекенің мәнін арттыру мақсатында осы датаға орайластырып, Қансонарда арнайы халықаралық фестиваль өткізу – қазақ тазысының бренд ретінде қалыптастыруға жол ашады.

Сонымен қоса, қазақ әдебиетінде ерекше орын

алатын көрнекті жазушы Мұхтар Мағауиннің «Тазының өлімі» хикаяты – адалдық пен жанқиярлықтың шынайы бейнесін көрсететін туынды. Бұл шығарма ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жануар мен адамның арасындағы терең байланыс пен адалдықтың мәнін ұғындыру тұрғысынан маңызды. Бүгінде әлем Жапонияның Хатикосын адалдықтың символы ретінде таниды. Алайда қазақ даласында дәл сондай адалдықтың үлгісі болған Лашын тазысының оқиғасы бар. Ол – тек бір иесіне емес, тұтас қазақты болмыс пен ұлттық рухқа адалдықтың көрінісі. Осы орайда, «Тазының өлімі» шығармасының желісі негізінде толықметражды көркем фильм түсіру – қазақ мәдениеті мен кинематографиясы үшін үлкен жетістік болып, қазақ тазысының әлемдік символға айналуына жол ашар еді.

Аманжол ӘЛТАЙ,
Мәжіліс депутаты:

ҚАРТТАР ҮЙІ НЕГЕ КӨБЕЙІП БАРАДЫ??

– Біз әкені ардақтаған, ананы аялаған, үлкенге деген құрметі сейілмеген мейірімді халық едік. Бүгінгі тәліміміз азайып, тәрбиеміз шұбарлана бастаған тасбауыр қоғамда сан ғасырлар бойы, ұлттық болмысымызға ұйытқы болған ұлық қасиеттерімізден ажырап барамыз. Қоғамда қартайған ата-анасына жатсына қарайтын безбүйрек ұл мен кесірлі келін, тасжүрек немерелер көбейіп барады. Соның кесірінен қартайған кісілер, бойдан қуат, білектен күш кеткен егде шағында іштен шыққан өз баласына өгей болып қарттар үйін паналауда.

«Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деген құндылықтың мәнін ұқпаған жетесіз ұрпақ көбеюде. Өз баласы өзекке теуіп, өксігі ұлғайған, шерменде қарттардың барлығы асыраушы балалары жоқ тұл адамдар емес.

Қарттар үйін паналағандардың ішінде балалары лауазымды қызмет атқаратын, кәсіппен айналысатын, ұрпақтары бауқатты тұратын бейбақтар да бар.

Қарттар үйін паналауға мәжбүр болған қариялардың дәрі-дәрмегі, тағы басқа материалдық қажеттілігі үшін, өмірдегі ең қымбатты ата-анасын керексіз қылған көкек балаларының табысынан ұстап отыруды ұсынамын.

Еліміздегі 45 қарттар үйлерінде 5,9 мың егде жастағы адам бар. Көптеген жеке орталықтарда орын тапшылығы байқалады. Қарттар үйлерінің көбеюіне әсер ететін негізгі мәселелер:

1. Отбасы құндылықтарының дағдарысы және әлеуметтік жауапкершіліктің төмендеуі.

Көптеген отбасылар ата-аналарына қамқорлық жасаудан бас тартып, олардың бап-паналарын заңсыз иемдену жағдайлары жиілеп кетті. Кейбір жағдайларда мұндай құқық бұзушылыққа нотариустардың қатысуымен жалған құжат жасау арқылы қол жеткізіледі, нәтижесінде егде адамдар баспанасыз қалады. Бұған қоса, әлеуметтік және экономикалық қиындықтар, отбасындағы түсініспеушілік қарттар үйіне түсуіне себепші болууда.

Құндылықтардың құлдырауы, білім беру жүйесіндегі кемшіліктер.

Қазіргі білім беру жүйесі тұлғаның жеке жетістіктеріне басымдық бергенмен, оның моральдық-адамгершілік қалыптасуына, отбасы құндылықтарына, үлкенді құрметтеудегі жауапкершілікке жеткілікті назар аударылмайды. Әлеуметтік желілер мен батыстық мәдениеттің ықпалы кесірінен жастар жеке



басының мүдделерін бірінші орынға қояды, бұл отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілікті төмендетеді.

Нәтижесінде, үлкендерді сыйламау, отбасылық байланыстардың әлсіреуі, ата-ана алдындағы жауапкершіліктің төмендеуі қалыпты құбылысқа айналып барады. Бұл – ұлт болашағына, әлеуметтік тұрақтылыққа төнген қауіп.

Қарттар үйлерінде қатыгездік көрсету оқиғаларының көбеюі де ойландырады.

Жақында Павлодар облысының Ақсу қаласындағы пансионатта қарт адамдарға қатысты адам төзгісіз жағдайлар тіркелді. Қарттарды ұрып-соғып, қолдарын бұрап, қыстын суығында киімсіз далаға шығарып тастаған.

Тереңдей қарасақ, бұл – қайталанбайтын жеке жағдай емес, етек алып отырған проблема.

Қарттар үйіндегі қызметкерлердің біліксіздігі, моральдық-этикалық қағидаларды сақтамауы және бақылаудың жеткіліксіздігі осындай оқиғалардың жиілеуіне себеп болып отыр.

Қарттар үйіндегі қариялардың зейнетақыларының 70%-ы мемлекеттің қажеттіліктеріне жұмсалады, ал оларға тек 30%-ы ғана қалады.

Осы мәселелерді шешу үшін мыналарды ұсынамын:

1. Отбасы құндылықтарын нығайтуға және қарт азаматтарды қолдауға бағытталған кешенді бағдарлама әзірлеу және қабылдау.

2. Қарттар үйлерінде көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, мекемелердің қызметін мектеп бақылауға алу және қоғамдық мониторинг енгізу.

3. Қарт азаматтардың мүлктік құқықтарын қорғау шараларын күшейту, тұрғын үйді алаяқтық жолмен тартып алу жағдайларына қарсы қатаң заңнамалық нормалар енгізу.

4. Қарттар үйіндегі медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту.

5. Балабақшалар мен мектептерде отбасы құндылықтарын, үлкендерге құрмет пен жауапкершілікке тәрбиелеу сабақтарын енгізу.

Ата-анасын қарттар үйіне тапсырған жеке тұлғалардың еңбек табысының бір бөлігі ата-анасына тиесілі болғаны әділеттілікке сай келеді.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЖОЙЫЛҒАН ТҰҚЫМ «ТІРЛДІ»

АҚШ ғалымдары 12 жыл бұрын жойылып кеткен бөрінің тұқымын қалпына келтірді. Биоинженерлік зертханада клондау арқылы 3 бөлтірік дүниеге келген.



Дала тағысын қайта тірілту үшін олар сұр қасқырдың түрленген жасушаларын пайдаланды. Жаңа тұқым ірі дене бітімімен ерекшеленеді. Тұрқы 180 сантиметрге, салмағы 80 келіге жетеді. Азуы да үлкендеу.

ӨРТТІ АНЫҚТАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Орманда өрт шықса, жасанды интеллект хабар береді. 24 сағат демалмайтын технологияны Еуропа ғалымдары ойлап тапқан.



Жасанды интеллект оттың шыққан жерін тап басып көрсетеді әрі ол аумақтағы желдің екпінін, ылғалдылығын, жауын-шашын мөлшерін, тіпті шөптің қалыңдығын да көрсетеді. Ғалымдар инновацияны быыл қаңтар айында АҚШ-та Лос-Анджелестегі алапат орман өрті кезінде сынақтан өткізген. Тәжірибе барысында жасанды зерде оттың нақты қай жерде тұтанғанын дәл анықтаған. Бірақ оның кемшін тұстары да бар. Ол көктің шығуын, өрт ошағы сияқты нәрселерді есепке алмайды.

ГАЗАДАҒЫ ҚАНТӨГІС

Израиль әскері Газа секторын үздіксіз бомбалап жатыр. Сейсенбіге қараған түннен бері жүргізілген шабуылдар салдарынан 26 палестиналық қаза тапты, арасында балалар да бар.



БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш Газа «қырғын алаңына» айналды деп ескерту жасады. Осыдан кейін Израиль полициясы мен ресми тұлғалары басып алынған Шығыс Иерусалимдегі БҰҰ-ның Таяу Шығыстағы босқындарға көмек агенттігі (UNRWA) басқаратын 6 мектепті жабуға бұйрық берді. Сондай-ақ Газаға су жеткізу жолдары да кесіліп жатыр.

Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

**САУДА СОҒЫСЫ:
ҚАЙТА ҚЫЗҒАН МАЙДАН****104 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН КӨТЕРІЛГЕН САЛЫҚ**

Трамп әкімшілігі қазірдің өзінде Қытайдан келетін тауарларға салынатын баж салығын 104 пайызға дейін өсіруі мүмкін екенін мәлімдеді. Аталған шешім Қытай тарапынан 34 пайыз жауаптық тариф жарияланған соң қабылданған. Трамп бұл қадамды «Американың өз мүддесін қорғауға арналған жалғыз мүмкіндігі» деп атады. «Бізде тек бір мүмкіндік бар. Мұны менен басқа ешбір президент жасай алмайды» деді Трамп Ақ үйде сөйлеген сөзінде.

Трамп әкімшілігі 4 ақпанда Қытайдан әкелінетін барлық тауарға 10 пайыз баж салығын енгізді, 4 наурызда бұл мөлшерлемні 20 пайызға дейін көтерді. Ал соңғы рет 9 сәуірден бастап тағы да қосымша 34 пайыз баж салығын енгізген еді. Енді 50 пайыз баж салығын салса, Қытай тауарларына салынған тарифтің жалпы мөлшері 104 пайызға жетеді. Бұл – әлемдік сауда-саттық ісінде бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіш.

Жаңа тарифтер киім-кешек, ұялы телефон, химия өнімдері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдеріне де енгізілуі мүмкін. 2024 жылы АҚШ Қытайдан 440 миллиард (кей деректерде 524 миллиард) доллардың тауары мен қызметін импорттағанын, ал Қытайдың АҚШ-тан импортты 163 миллиард долларды құрағанын ескерсек, тарифтік қысым қытай өнімдеріне тәуелді америкалық бизнеске де ауыр соққы болуы ықтимал. Ал Қытай Дональд Трамптың Қытайдан әкелінетін импорт тауарларына қосымша 50 пайыз баж салығын енгізу саясатына қарсы «соңына дейін күресуге» бел байлап отыр. «АҚШ Қытайға қарсы баж салығын көтерем деп қателік үстіне қателік жасады, бұл АҚШ-тың бопсашыл сиқын тағы да көрсетті. Егер АҚШ өз дегенінен қайтпаса, Қытай соңына дейін күреседі» деп мәлімдеді Қытайдың Сауда министрлігі.

Бұдан бөлек, Қытай тарифтік емес шараларды да қолға ала бастады. Мысалы, Google, Nvidia және Қытайда жұмыс істейтін жекелеген америкалық компанияларға монополияға қарсы тексеру жүргізу, бірқатар америкалық кәсіпорынды экспорттан шеттетуге және «сенімсіз субъектілер тізіміне» енгізу шараларын қолдана бастады, сондай-ақ АҚШ-тан импортталатын ауыл шаруашылығы өнімдеріне лицензия беруді тоқтатты және сирек жер металдары секілді стратегиялық ресурстардың экспортына шектеу қойды.

Basic Fun ойыншық компаниясының бас директоры Джей Форман «Мен 54-тен 104 пайызға дейін кеден салығы салынуы мүмкін кез келген өнімді теңізге жөнелту тәуекеліне бара алмаймын» дейді. «10-нан 20 пайызға дейінгі салықты сіңіру немесе тұтынушыға

Қытай мен АҚШ арасындағы сауда қақтығысы жаңа кезеңге аяқ басты. Нақты айтқанда, Дональд Трамптың сауда саясаты қайтадан әлемдік экономиканы дүрліктіріп, «екінші экономикалық қырғи-қабақ соғыстың» салқыны анық сезіле бастады. Вашингтон мен Бейжің арасындағы тарифтер шайқасы енді тек экономикалық емес, геосаяси қарсылықтың да алаңына айналып барады.

өткізу – бір басқа, ал 54-тен 104 пайызға дейін бұл мүмкін емес. Ондай жағдайда тұтынушы мүлде сатып алмайды» дейді.

ЕКІ ЖҮЗДІ ҚАНЖАР ЭКОНОМИКАҒА ЗИЯН

Әлемдік сауда-саттық жағдайының ұшыға түсуіне байланысты Уолл-стрит те аласапыран күйге түсті. Standard & Poor's 500 индексі 0,2 пайызға төмендеп, ақпан айының ортасындағы шарықтау шегінен шамамен 18 пайызға құлдыраса, технология компаниялары үлесіне басымдық беретін Nasdaq құрамдас индексі де қатты ауытқып, сауда соңында сәл ғана өсіммен жабылды. FTSE 100 өткен жұмада 5 пайызға құлады, бұл соңғы 5 жылдағы ең ірі төмендеу болды. Германия мен Франция биржаларында да осындай құлдырау байқалды. Міне, бұл – инвесторлардың сауда соғысына байланысты туындаған белгісіздікке деген реакциясы.

Азия-Тынық мұхиты аймағының қор нарығы да осы аптаның басында күрт төмендеді. Nikkei 225 индексі – 6, австралиялық ASX 200 – 4, ал оңтүстіккореялық Kospi 4,7 пайызға төмендеді. Қытайдың қор нарығы рекорд деңгейіне дейін құлдырады. Шанхайдың Shanghai Composite индексі 6 пайыздан астам құлады, ал Гонконгтың Hang Seng және Тайваньның ТАИEX индекстері шамамен 10 пайызға түсіп кетті. MSCI Asia Pacific индексі (13 елдің ірі және орта капитализациялы компанияларын қамтиды) 2008 жылдан бері ең ірі құлдырауды көрсетті: -7,1 пайыз. Nikkei 225 индексі «аю нарығына» кірді, яғни бұрынғы максимумынан 20 пайызға төмендеді. Қытай нарығының құлдырауы – 2008 жылдағы жаһандық қаржы дағдарысынан кейін тіркеліп отырған дүрбелең. Бұған, Трамптың саясатынан бөлек, Қытайдың ішкі факторлары да әсер етіп отыр. Нақты айтқанда, ел экономикасы өсімінің баяулауы, юань бағамының құлдырауы нарыққа деген сенімді жоғалтты.

Трамп әкімшілігінің тариф саясаты мұнай бағасына да айтарлықтай әсер етті. 2 сәуірде Трамп барлық импорт тауарларына тарифтер енгізетінін жариялағаннан кейін, мұнай бағасы 14 пайызға құлдыраса, Қытай жауап ретінде өз тарифтерін енгізгеннен кейін, мұнай бағасы

тағы да 7 пайызға төмендеп, мұнай өндірушілерге айтарлықтай соққы болды. Сонымен қатар екі ел арасындағы сауда соғысының шиеленісуі мұнайға деген жаһандық сұранысты да азайтты.

ЧИП: ТЕКЕТИРЕСТІҢ ЖАҢА ТҮЙІНІ

Екі ел арасындағы сауда текетіресінің басты нүктесі – чип өндірісі. Қытайдың 28 нанометрден жоғары деңгейдегі (дәстүрлі/mature node) чиптерді жаппай өндіруге көшуі АҚШ-ты қатты алаңдатып отыр. Америкалық сарапшылар мұндай чиптердің күнделікті тұрмыс техникаларынан бастап, әскери техника, авиация, телекоммуникация, тіпті энергетика саласына дейін кеңінен қолданылатынын, Қытайда осы нарықты толықтай жаулап алу қаупі бар екенін алға тартады.

Жақында АҚШ Өкілдер палатасының Қытай Коммунистік партиясымен стратегиялық бәсекелестік жөніндегі арнайы комитетінің төрағасы, Республикалық партия өкілі Джон Муленар АҚШ-тың сауда өкілдігіне «Қытайда өндіріліп, АҚШ-қа келетін дайын өнімдерге кіріктірілген барлық чипке арнайы тариф енгізуді» ұсынған еді.

Сарапшылардың пікірінше, Трамптың чипке қатысты жаңа стратегиясы тек экономикалық бәсекелестік емес, ұлттық қауіпсіздік мүддесіне де негізделіп отыр. Себебі чип өндірісі – бүгінгі технологиялық экожүйенің жүрегі. Ал бұл жүрек егер Қытайдың бақылауында болса, онда Америка экономикалық қана емес, стратегиялық тәуелділікке ұрынады. Бұл жөнінде америкалық әскери сарапшы Джеймс Малвенон өзінің USTR-ге жолдаған пікірінде: «Қытай чиптеріне тәуелділік – АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіне

төнген тікелей қауіп. Әсіресе SiC (кремний карбиді) негізіндегі чиптерге байланысты жағдай өте қауіпті, себебі бұл элементтер жаңа энергетика, әскери техника және киберқорғаныс жүйелерімен тікелей байланысты» деп мәлімдеген болатын.

Сонымен қатар Вашингтон Қытай чиптері тыңшылық немесе кибершабуылдарға пайдаланылуы мүмкін деп санап, Huawei мен SMIC сынды компанияларға санкциялар салды. Тайвань арқылы әлемдік чип өндірісін бақылап отырған АҚШ Қытайдың бұл салада күшеюін шектеуге тырысуда. Осы мақсатпен Қытайға жоғары технологиялы чиптерді экспорттауға шектеу қойып, өз өндірісіне миллиардтаған қаржы құйып отыр.

АҚШ БІР ОҚПЕН ЕКІ ҚОЯН АТПАҚ

Қазір АҚШ әлем елдерінің бәріне сауда қаруын, тариф саясатын қолданып отыр десек болады. Сонымен бірге олар басқа елдерді қарымта әрекет жасамауға шақырып отыр. Өйткені бұл АҚШ көзқарасы бойынша жаңа әкімшіліктің әділетсіз сауда-саттық қатынасын өзгертіп, тең тұрғыдан сауда жасаудағы маңызды қадамна саналады. Трамп тарифтерді көтеруден 700 миллиард доллар кіріс алуды күтетінін, бұл бюджет тапшылығын азайтуға көмектесіп, салықты азайтуға жағдай жасайтынын ашық айтып отыр. Бұл өз кезегінде экономикалық белсенділіктің артуына себеп болуы мүмкін. Яғни АҚШ бұл саясаты арқылы «екі жеп биге шығып», бір мезгілде сауда балансын да, бюджет тапшылығын да қысқартпақ. Соңында бұл өндірістің АҚШ аумағына қайтуына түрткі болуы мүмкін. Трамптың басты көздеп отырғаны осы секілді.

АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы бүгінгі таңда тек екі ел арасындағы текетірес емес. Бұл – жаһандық экономиканың болашағына әсер ететін фактор. Өйткені тіреске түскен екі елдің бірі – әлемнің ірі экспорттаушысы, енді бірі – ірі тұтынушысы. Олардың арасындағы кез келген шиеленіс Жер шарының түкпір-түкпіріндегі елдерге әсер етеді. Бүгінгі тариф шабуылдары ертең технология, логистика, энергетика дағдарысына ұласуы мүмкін.

P.S: *АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы енді тек кедендік баж немесе импорт-экспорт саясаты ғана емес, технологиялық, стратегиялық және геосаяси ықпал үшін күрестің шынайы көрінісіне айналды. Бұл текетіресің салдары жаһандық экономика жүйесіне терең сілкініс әкеліп, тек қос елдің ғана емес, тұтас әлемнің өндіріс тізбегіне, қаржы нарығына, энергетика қауіпсіздігі мен технологиялық даму бағытына ықпал етіп отыр. Ал бұл күрес қай тараптың пайдасына шешілсе де, ХХІ ғасырдағы әлемдік тәртіп пен экономикалық картаның қайта сызылуына алып келуі әбден мүмкін.*

«БОЗОҚТЫҢ» БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев IV Ұлттық құрылтай отырысында: «Жаңа заманда біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр. Көптеген ел өзінің салт-дәстүрі мен қазіргі инновацияларды өзара үйлестіру арқылы дамудың даңғыл жолына түскенін тарихтан көріп-біліп отырмыз. Сол секілді біз де төл мәдениетімізді қазіргі әлемдегі шынайы жағдайға бейімдеуіміз қажет» деп атап өтті. Осы тұжырымдаманы негізге ала отырып, «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы «Мәдени мұраны музейлендіру тәжірибесі: дәстүр, инновация және болашақ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Конференция «Көне Бозоқ қалашығында жүргізілген археологиялық қазбалар негізінде ашық аспан астындағы Ұлттық парк құру» жобасы аясында ұйымдастырылып, дала фортификациясына арналған алғашқы ғылыми музейлік басылым – «Бозоқ – Ұлы даланың қорғаныс сәулеті» кітабының дайындық жұмыстарына арналды.

Археологиялық нысандарды реконструкциялау және музейлендірудің заманауи тәсілдері – мәдени мұраны сақтаудың басым бағыттарының бірі. Конференция аясында тарихи ескерткіштерді музей кеңістігіне интеграциялау мәселелері халықаралық тәжірибе негізінде қарастырылды. Музейлендіру мен қоныстарды реконструкциялауға ғылыми негізделген көзқарас қажет екенін ерекше назар аударылды. Шетелдік тәжірибеде бұл саладағы

әрбір шешім мәдени кодты сақтауға бағытталған. Конференция Қазақстан, Ресей, Әзербайжан және Түркия елдерінен келген, тарихи ескерткіштерді сақтау мен реконструкциялау бойынша ауқымды тәжірибесі бар сарапшыларды жинады. Халықаралық тәжірибе музейлендірудің тарихи мұраны қорғау құралы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, білім беру және экономикалық мәселелерді шешудің маңызды ресурсы екенін көрсетті.

Этнограф, қарутанушы, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Суретшілер одағы мен Өнер академиясының мүшесі Қалиолла Ахметжан көшпелі жауынгерлердің костюмдері мен қаруларын ғылыми реконструкциялау бойынша баяндама жасады. Ол қимақ және қыпшақ жауынгерлерінің бейнесін қалпына келтірудің заманауи әдістерін жан-жақты

қарастырып, «Бозоқ» археологиялық паркінің оңтүстік кіреберіс қақпасында қойылатын қорғаныс-қоршау қаруларының макеттерін ұсынды.

«Бозоқ» музейінің аға ғылыми қызметкері Ерболат Рахманқұлов ашық аспан астындағы музейдің қорғаныс құрылыстарын реконструкциялау туралы баяндады. Ол халықаралық тәжірибе мысалдарын келтіріп, оңтүстік кіреберіс порталының фортификациялық бекінісінің 3D моделін көрсетті. Ғалым бұл нысанның ортағасырлық қазақ қалаларының қорғаныс жүйесіндегі маңызды рөлін және әскери тарихтың символы ретінде ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Тарих ғылымдарының кандидаты, «Бозоқ» музей-қорығының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Зүбайда Сұрағанова этнографиялық көзқарастан ре-



конструкция мәселесін қарастырды. Ол өз баяндамасында қорғаныс құрылыстарының семантикалық мағынасын, олардың тарихи ландшафтпен, топонимикамен және мифологиялық түсініктермен байланысын талдады.

Конференция аясында тарихи-мәдени мұраны музейлендіру саласындағы жетекші мамандар онлайн-баяндама жасады. Омбы ағарту музейінің директоры Игорь Скандяков Омбы қаласының ортағасырлық археологиялық ескерткіштерін музейлендіру тәжірибесін ұсынды. Түркиялық Топқапыдағы «Түркі әлемінің үйі» этнографиялық директорының орынбасары Бүркітбай Аяған, тарих ғылымдарының кандидаты, К.Ақышев

хеологиялық мұраны музейлендіру тәжірибесімен бөлісті. Тарих ғылымдарының докторы, Әзербайжан Ұлттық тарих музейінің жетекші ғылыми қызметкері Айда Исмаилова археологиялық материалдарды музейлендірудің жаңа тәсілдері туралы баяндама жасады.

Конференция барысында қазақстандық жетекші ғалымдардың қатысуымен жарыссөздер өтті. Олардың қатарында тарих ғылымдарының докторы, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының бас ғылыми қызметкері Зейнолла Самашев, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихи институты директорының орынбасары Бүркітбай Аяған, тарих ғылымдарының кандидаты, К.Ақышев

атындағы Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры Марал Хабдулина өз сөздерінде реконструкцияның тарихи дәлдігін сақтау және тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштерді музейлендірудің заманауи әдістерін енгізу қажет екенін атап өтті.

Халықаралық конференция музейлендірудің жаңа тәсілдерін дамыту және Қазақстанның археологиялық мұрасын танымал ету жолында маңызды қадам болды. Қарастырылған тақырыптар мен ұсынылған зерттеулер «Бозоқ» археологиялық паркінің тарихи-мәдени мұра объектілерін одан әрі реконструкциялауға ықпал етіп, оны елдің мәдени мұрасының маңызды бөлігіне айналдыруға бағытталған.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Бұл жобаны жақында құрылған «Baluan tas» ұлттық спорт түрлері және мәдениеті академиясы қолға алды. Ұйымның құрылтайшысы, мәдениеттанушы-лингвист, «Балуан тас» атты екі томдық кітаптың авторы Абылайхан Қалназаровтың айтуынша, жобаны «Қазақ күш-қайратының картасы» немесе «Ұлы даланың күш картасы» деп те атауға болады. Жалпы академияның мақсаты – қазақ халқының барлық дәстүрлі спорттың сақтау, дамыту және халықаралық деңгейде танымал ету. Бұл академия ұлттық спорт түрлерінің физикалық, рухани-мәдени және зияткерлік құндылықтарын зерттеп-зерделеп, болашақ ұрпаққа жеткізуді және спорт арқылы елдік рухты күшейтуді көздейді.

Ұйымның бастамаларына «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі қолдау көрсетіп отыр. Бірлестік президенті, Парламент Сенатының депутаты Бибігүл Жексенбай таныстырылымға арнайы қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық спорт түрлерінің дамуына ерекше мән беріп, ел мәдениетін, бірлігін нығайтудағы маңызына баса назар аударып келе жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы ұлттық спорт түрлерінің дамуына сараптама жасап, институционалдық тұрғыда жұмыс жүргізу қажет деп тапсырған болатын. Президент Ұлттық құрылтай отырыстарында ұлттық салт-дәстүр мен спорттың маңызын бірнеше мәрте атап өтті. Төртінші Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы көптеген ел өзінің салт-дәстүрі мен қазіргі инновацияларды үйлестіру арқылы дамудың даңғыл жолына түскенін айтты. Яғни мұндай бастамаларды бүгінгі инновациямен біріктірсек, әлемдік деңгейде үлкен жаңа жобалардың дүниеге келуіне мүмкіндік беріледі. Қазіргі таңда ұлттық мұраны сақтап, оны жаңғырту қоғам үшін аса маңызды бо-

«ҚАЗАҚ КҮШІНІҢ КАРТАСЫ» НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Астанада «Қазақ күшінің картасы» жобасы таныстырылды. Аталмыш жобаның мақсаты – қазақ халқының жауынгерлік-спорттық тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі – алып күш-қайрат иелерінің күштік мұрасын анықтау мен зерттеу, насихаттап, сақтау. Атап айтқанда, ел аузында «Балуан тас» деп аталатын ауыр тастарды іздеп тауып, олардың географиялық орналасу нүктелерін картаға түсіру мен ұлттық құндылық ретінде көрсетіп, насихаттау.



лып отыр. Бұл жобаның әсіресе жастарымызды ұлттық мәдениетке, қазақтың ертеден келе жатқан күш өнеріне және дәстүрлі спорт түрлеріне қызықтыру мақсатындағы маңызы аса жоғары, – деді Бибігүл Жексенбай.

Абылайхан Қалназаровтың айтуынша, «Қазақ күшінің картасына» қатысты алда атқарылар жұмыстар жеткілікті. Атап айтқанда:

– балуан тастармен байланысты аңыз-әфсана, хикаялар мен ел аузындағы әңгімелерді, тарихи деректерді жинақтау, ұлтымыздың осындай өмір салты мен спорттық-жауынгерлік ерлік дәстүрін ғылыми айналым мен ақпараттық өріске енгізу; – тарихтағы балуандар мен

балуан тастарды қазіргі заманға сай идеологиялық құрал ретінде ыңғайлау, сол арқылы жастармен жасөспірімдерді ата тарихтағы балуандармен таныстырып, спорт пен азаматтыққа баулу;

– алып күш иелері мен қазақ күресінің тарихи рөлін көрсету, сол арқылы ұлттық бірегейлікті күшейту;

– Қазақстанның брендтік туристік маршруттық әлеуеті мен спорттық-мәдени тартымдылығының артуына атсалысу. – Балуандар ортасын зерттеп келе, бұл бағыттың жеке емес кешенді, жүйелі дүние екенін көз жеткі. Қазақ күресі бағырлар институтының бір тармағы екен. Яғни біз көріп жүрген бәйге, көкпар, қыз қуу, тоғызқұма-

лак, аударыспақ секілді ұлттық спорт түрлері – бәрі де батырлар институтының бір салалары. Мұның бәрін жинақтасақ, ерте заманда бір ғана мақсатқа жұмыс істегенін көреміз, бұл – жауынгер тәрбиелеп шығару. Қазіргі заманның ұғым-түсінігіне алып келетін болсақ, бұл тұтас бір өндіріс болғанын байқаймыз. Баяғыда ұлттық спорт жауынгерлерін, батырларын тәрбиелеп шығаратын өндіріс болған екен. Елімізде ұлттық спорт дамымай жатыр емес, өте қатты дамып жатыр. Бірақ мұның кемшін қалып отырған бір тұсы бар, бұл – оның идеологиясы, оның мәдени жағы. Көптеген жарыс ұйымдастыру бағыты дамып кеткен. Алайда бұл жарыстардың мәні ашыл-

май, концептуалды дүниелер жасалып жатқан жоқ. Біз негізгі екпінді ғылыми-идеологиялық бағытқа қойып отырмыз, – дейді Абылайхан Қалназаров.

Оның сөзінше, «Күй атасы» атанған Құрманғазы Сағырбайұлы, ұлы Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы, көптеген билер мен батырлар балуан болған. Бұл жайындағы деректер «Балуан тас» қос томдығында қамтылған.

«Қазақстанның әр түкпірінде балуан тастар бар. Қазір өзін 11 нысанды анықтадым. Одан көп екені анық» дейді Абылайхан Мамырайханұлы. Балуан тастар жайында кино түсіру де жоспарда бар. Бір деректі фильм түсіруге осы күндері демеуші табылып отыр. Сондай-ақ «Қазақ күшінің картасы» атты телебағдарлама немесе YouTube-бағдарлама ашып, әр тастың ақпаратын баяндау, әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы балуан тастар туралы деректерді кеңінен тарату, тақырыптық ақпараттық-танымдық альбом-кітап шығару жоспарланған.

Қажымұқан Мұңайтпасұлына қатысты бар бір балуан тас жайлы деректі таныстырылымға қатысқан «Тас паулан» лақабымен танымал атлет Арман Сүлеймен келтірді.

– Астананың айналасында Қажымұқанның әжесінің жерленген жері табылды. Бұл – Төңкеріс деген ауыл. Біз соған бардық. Тура соның басында Қажымұқан өзі өкеліп қойған тас бар. Біз көз мөлшерімен

есептегенде 500 келідей деп шамаладық. Жергілікті ақсақалдардың айтуынша, Қажымұқан оңтүстікке көшердің алдында әжесінің жатқан жері белгілі болсын деп бұл тасты апарып қойды, – деді спортшы.

«Қазақ күшінің картасы» жобасының бір бағыты – елдегі туризмді ілгерілету. Соның аясында аймақтардағы мәдениет, спорт, туризм басқармаларымен тығыз байланыс орнату, балуан тастарды туристік маршруттарға қосу, сол арқылы өңірлердің тартымдылығын арттырып, экономиканы дамыту, балуан тастарды қорғау шараларын ұйымдастырып, жазба белгілер орнату, «Қазақ күшінің картасы» атты музей немесе Ұлттық музейде сондай атаумен арнайы зал ашу жоспарланған.

Халық композиторы Нұрмағамбет Баймырзаұлының балуандық даңқы асқақтап, Балуан Шолақ атанғаны белгілі. Оның «Сентябрь» аталатын әнінде «Кешегі сентябрьдің базарында көтердім 51 пұт кірдің тасын» деген жолдар кездеседі. Сонда бұл тастың салмағы 816 келі болып шығады. Өкінішке қарай, аңыз-әфсаналарда айтылатыны болмаса, тұтас елге белгілі балуандар көп емес. «Baluan tas» ұлттық спорт түрлері және мәдениет академиясының тағы бір мақсаты – «Қазақ күшінің картасы» арқылы қазақтың күштік тарихы мен мәдениетін жаңғырту және сақтау, яғни белгісіз болып келген балуандарды елге таныстыру.

– «Балуан тас» қос томдығында 500-ден астам қазақтың балуаны кездеседі. Қазіргі уақытта көп адам балуандар мен батырларды шатастырады. Бұл – екі бөлек ұғым. Батыр – соғыста қолбасшы, соңынан көптеген қол ерткен тұлғалар, ал балуан – ерекше күшімен танылған адам, – дейді Арман Сүлейменов.

Оның пікірінше, «Қазақ күшінің картасы» жобасын жеке бір ұйым немесе бір адам емес, мемлекеттің өзі басшылыққа алып, атқаруы керек.

Еліміз Түркия демократиясының қайғылы тарихымен тікелей қатысты тұлға – Аднан Мендерес – Түркияның XX ғасырдағы ең ықпалды саясаткерлерінің бірі, елдің алғашқы демократиялық жолмен сайланған премьер-министрі. Сондай-ақ ол Түркия саяси тарихында өлім жазасына кесілген алғашқы және жалғыз премьер-министр ретінде белгілі. Ол Түркияны көппартиялық жүйеге көшіруде маңызды рөл атқарды және экономикалық реформалар жасап, халықтың қолдауына ие болды. Алайда оның билігі әскери төңкеріспен аяқталып, өзі азапталып өлтірілді.

ТАҒДЫРЫ ТАЙҚЫ ТҰЛҒА

Аднан Мендерес 1899 жылы Түркияның Айдын провинциясында дүниеге келген. Арғы атасы – Қырым татары. Ауқатты отбасынан шыққан ол кейін заңгерлік білім алып, саясатқа араласты. 1930 жылдары Республикалық халық партиясының (РХП) мүшесі болып, 1931 жылы Мұстафа Кемал Ататүріктің қолдауымен Айдыннан депутаттыққа ұсынылып, сайлауда жеңіске жетті. Ататүрік қайтыс болғаннан кейін, билікке Исмет Инөнү келді. Мендерес Инөнү жүргізген мемлекеттік экономика саясатына қарсылық білдірді. Нәтижесінде 1945 жылы РХП-дан шығарылды. Сол жылы ол РХП-дан бірге шығарылған серіктері Селал Баяр, Фуат Көпрүлу және Рефик Королтанмен бірге Демократиялық партияны (ДП) құрды. 1950 жылғы сайлауда партиясы жеңіске жетіп, Түркияның премьер-министрі болып тағайындалды.

Аднан елде экономикалық реформалар жүргізіп, халық тұрмысын жақсартуға тырысты. Діни мәселелерге де мән беріп, елде мешіттерді көбейтті. Мұстафа Кемал Ататүріктің зайырлы мемлекет қалыптастыру саясатының бір көрінісі ретінде 1932 жылдан бастап түрік тілінде шақырылған азанды 18 жылдан кейін қайта араб тілінде шақырылуына мұрындық болды. НАТО-ға мүше болып, Батыспен қарым-қатынасты жақсартты. Сонымен қатар Түркияға ең озық технологияларды әкелу және жаңа ұрпаққа үйрету үшін америкалық Форд қорының көмегімен Анкарада Орта Шығыс техникалық университетін, ал Трабзонда Қара теңіз техникалық университетін құрды. Осылайша, 1773 жылы I Абдулхамит сұлтан негізін қалаған Ыстанбұл техникалық университетінен кейін, 180 жылдан соң, Түркияда тағы екі техникалық университет пайда болды. Дегенмен ол үкіметке сын айтқан оппозиция мен журналистерге қысым күшейтті (1954-1958 жылдар аралығында 238 журналист билікке қарсы мақалалар жазғаны үшін сотталды).

САЯСИ АРПАЛЫС

1955 жылы Түркияда экономикалық қиындықтар басталды. Сыртқы қарыздар артып, төлем балансы бұзылды. Кипр мәселесі ұшығып, «6-7 қыркүйек оқиғасы» туды. 1959 жылғы 17 ақпанда Кипр мәселесі бойынша Грекиямен екіжақты келісімге қол қойылғаннан кейін ұшжақты келіссөздер үшін Ұлыбританияға барған Мендерестің ұшағы Лондондағы Гатвик әуежайының маңында апатқа ұшырап, бөлшектеніп кеткенмен (әуежайға жақын-

2021 жылы Түркияда өткен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің VII саммитінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қиын-қыстау заманда қазаққа құшағын жайған түрік халқына алғыс айтып, түрік елінің мемлекет қайраткері Аднан Мендерестің рухына тағзым еткен еді. Әр жылдың 13 наурызында Түркия қазақтары Ыстанбұл қаласының Ватан даңғылындағы Топқапы зиратына барып, «Аднан Мендерес кесенесіне» гүл шоқтарын қойып, оның рухына бағыштап дұға оқып жүргеніне 30 жылдан асты. Ендеше Аднан Мендерес кім? Президент айрықша атап өтетіндей ол қазақ халқына қандай қайырымдылық жасады?

АДНАН МЕНДЕРЕС КІМ?

НЕМЕСЕ ҚИНАЛҒАН ҚАЗАҚҚА ҚАМҚОРЛЫҚ



1952 жылы 16 қазанда Түркия жеріне жеткен сол 2000 қазақ түрік елінде баспанаман қамтамасыз етіліп, тіл, кәсіп үйреніп, бір жылдан кейін өз өтініші бойынша таңдаған жерлеріне қоныстанды әрі олардың бәріне тегін үй салып берілді

1961 жылғы сайлау алдында Искендерун металлургия зауыты, Сейдешир алюминий зауыты, Кебан су электр станциясы және Босфор көпірінің іргетасын қалағысы келген Мендерес өзінің жақын серігі, министрі Лутфи Кырдарды Кеңес Одағының ұстанымын білу үшін Мәскеуге жіберді. Кеңес Одағы бұл идеяны оң қабылдағаннан кейін, Мендерес 1960 жылғы шілде айында Мәскеуге барып, несиелік келісімдерін рәсімдеуді жоспарлады. Әрине, бұл АҚШ-қа ұнамады да, көп өтпей өзінің жасырын күштеріне Аднан билігін құлату жөнінде бұйрық берді. 1960 жылы 27 мамыр күні полковник Алпарслан Түркеш Түрік



қарулы күштері билікті өз қолына алғанын хабарлады. Сол күні премьер-министр Аднан Мендерес тұтқындалып, Анкараға жеткізілді.

ӘДІЛЕТСІЗ СОТ, ҚАЙҒЫЛЫ ҚАЗА

Сот үрдісі ұзаққа созылды. Сот барысында тұтқындалғандардың барлығы Яссыда аралында түрмеге айналған бұрынғы әскери казармаларға орналастырылды. Тергеу кеңесі мен Бас проку-

рор Алтай Егесел Аднанға тағылған 13 айыпты мойындау үшін оны барынша азаптаған.

Әскери хунта Жоғарғы сот пен Бас прокурор лауазымдарына Аднанды, президентті және Демократиялық партияны жек көретін адамдарды арнайы таңдады. Хунта, егер Аднан тірі қалса, бостандыққа шыққанда олардан кек алуы мүмкін деп қорықты. 1961 жылы сот оны өлім жазасына кесіп, бір жылдан астам уақыт ит қорлықты көрген (азапқа шыдамай, өзіне қол салмақшы да болды) Аднан 17 қыркүйекте Имралы аралында дарға асылды. Ол дарға асылған кезде оны дарға асушылардың бірі: «Сіздер оны бәрібір көміп тастайсыздар ғой, осындай жақсы аяқ киім босқа кетеді. Одан да маған беріңдер!» деп Аднанның аяқ киімін сұрап алды. Бұл Аднан ұшақ апатынан аман қалғанда «сені жолыңа баламды құрбандыққа шаламын» деген азамат еді.

ҚАЙТА АШЫЛҒАН АҚИҚАТ

Төрт жылдан кейін, 1964 жылы әскери хунта тағайындаған Түркия президенті генерал Гюрсель Аднан Мендерес пен оның әріптестерінен кешірім сұрап, елді дүр сілкіндірді. Ол төңкерістің қате екенін және Мендерестің сотталуы мен өлімінің әділетсіз болғанын мойындады. Оның кешірім сұрауы түрік тарихында түбегейлі бетбұрыс жасады және елдегі демократияның түпкілікті қалпына келуіне жол ашты. 1990 жылы Имралы аралында өлім жазасына кесілген үш адамды ақтау туралы шешім шығарды. Осылайша, 30 жылдан кейін Мендерестің сүйегі

Имралы аралынан көшірілді. Сол кездегі президент Тұрғұт Өзал мен жүздеген мың адамның қатысуымен өткен рәсімде Ыстанбұлдың Топқапы ауданындағы Ватан даңғылы мен Топқапы зираты арасында орналасқан Аднан Мендерес мемориалдық мазарына қайта жерленді. 1958 жылы Мендерес ашқан бұл даңғылдың атауы 1994 жылы сол кездегі қала әкімі Режеп Тайып Ердоғанның ұсынысымен «Аднан Мендерес даңғылы» болып өзгертілді. Сондай-ақ Мендерестің есімі Измирдегі халықаралық әуежайға, Айдын қаласында құрылған университетке берілді.


ҚАЗАҚТАРҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСТІ?

Аднанның қазақтарға қамқорлық жасауы тағдыры талқыға түскен қазақтардың Алтайдан Анадолыға дейін ауа көшкен мезгілінде болған еді. Бұл көш – XX ғасырдың орта тұсындағы қазақ халқының тарихындағы ең ауыр да қайғылы көштердің бірі. 1938-1940 жылдары Қытайдың Шыңжаң өлкесінен басталып, Тибет пен Гималай таулары арқылы Непал, Үндістан мен Пәкістанды басып, соңында Түркияға жетті. Қытайдағы коммунистік құғын-сүргіннен қашқан олар «Азанның дауысы естілетін елге барамыз» деген мақсатпен Алтайдан Анадолыға үлере көшіп, малын айдап, түйеге жүгін артып, ажал теңізі атанған Такла-макан шөлін еңдей өтіп, Гималай тауынан асып, 12-13 жылда Түркияға жетті. Бірақ шөл теңізінде, биік таулы аймақтарда ауған қазақтардың көпшілігі аяз, аштық, аурудан, ыстан қаза тапты. Сөйтіп, Алтайдан шыққан 18 мың қазақтың (кей деректерде 38 мың адам делінеді) тек 2 мыңы ғана Түркияға аман жетті.

Азып-тозып, мың бір машақатты бастан кешірген қазақтардың Түркияға жетіп, қоныстанып, ел қатарына қосылуына Аднан Мендерес айрықша маңызды рөл атқарды. 1952 жылы 13 наурызда ол арнайы жарлық шығарып, Кашмирдегі найман, керей руларынан шыққан қазақтарды Түркияға саяси босқын ретінде қабылдады. 1952 жылы 16 қазанда Түркия жеріне жеткен сол 2000 қазақ түрік елінде баспанаман қамтамасыз етіліп, тіл, кәсіп үйреніп, бір жылдан кейін өз өтініші бойынша таңдаған жерлеріне қоныстанды әрі олардың бәріне тегін үй салып берілді. Қазіргі таңда Түркия, АҚШ, Еуропа, Иран, Пәкістан елдерінде осы көшпен барған қазақтардың ұрпақтары өмір сүріп жатыр. Ұзын-саны 30 мыңнан асты. Тәуелсіздік алған жылдары олардың біразы елге оралды. Олардың арасында Халифа Алтай, Мұстафа Өзтүрік сынды айтулы азаматтар болды. Хасен Оралтай, Дәлелхан Жаналтай Азаттық радиосында ұзақ жыл қызмет істеді. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғанда күллі елемге жар салып, «Қазақ елі құрылды» деп сүйінші сұраған да солар болатын.

Қазақ халқы бұл ұлы тұлғаны ұмытқан жоқ. Түркиядағы қазақ диаспорасы жыл сайын оның рухына дұға бағыштайды. Алматы мен Түркістан қалаларында оның есімі көшеге берілді, 2023 жылы Түркістанда еңселі ескерткіші бой көтерді. Міне, бұл – оның бауырлас халыққа жасаған қамқорлығына деген шынайы алғыс пен құрметтің көрінісі.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ,
Алмас НАЙМАН



03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

ЖҰМА

18 СӘУІР

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

03.30 «INSTA TV»
04.00-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

ӘУРЕ-САРСАҢҒА САЛМАЙДЫ

Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдауларында тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру және азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру маңызы ерекше аталады.

Осы орайда департамент 2024 жылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бизнес-процестерін талдау нәтижесі бойынша 29 бастамашылық ұсыныс әзірлеген болатын. Мысалы, мүмкіндігін шектеулі жандарға арналған процедураларды оңтайландыру, яғни арнаулы жүріп-түру құралдарымен қамтамасыз ете отырып, мүгедектігі бар адамның жеке реабилитация жоспарында протез алу көрсетілген болса және де аталған құралдарды пайдалану мерзімі өткеннен кейін, өтініш беруші протездерді жаңа технологиялық (модульдік) шиналы былға-

рыға ауыстырғысы келген жағдайда ақпараттық жүйеде алдыңғы мәліметтер көрінеуі себепті жеке реабилитациялық жоспарына түзетулер мен өзгерістер енгізу қажет болған (алдыңғы берген өтініші ақпараттық жүйеден өшіп кетуі себебінен). Мәселені шешу жөніндегі ұсыныс ретінде мүмкіндігін шектеулі жандарды әуре-сарсаңға салмау, уақытының үнемделуін және қайта жүгін баруына қажет бас тартуды болдырмау мақсатында бұрын алынған барлық деректің ақпараттық жүйеде сақталуы бойынша жұмыс жүргізілді.

Департамент ұсыныстары негізінде агенттік және жауапты министрліктер тыңдалымдар өткізіп, жиналыста талқылап, қазіргі таңда осы қызметті енгізу бойынша бірқатар әрекет атқаруда. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бойынша жұмысты жүргізу бюрократияны азайту мен сыйбалас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталғанын атап өткен жөн.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

АИТВ-инфекциясы – ағзаның қорғаныс жүйесінің өмірлік маңызды жасушаларын бұзатын адамның иммун тапшылығы вирусынан туындаған созылмалы ауру. ЖИТС – жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы.

АИТВ мен ЖИТС-тың АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Егер АИТВ-инфекциясы мен ЖИТС-тың айырмашылықтары туралы қысқаша айтатын болсақ, онда АИТВ – «қоздырғыш» тудыратын, ал ЖИТС – оның дамуына әкелетін ауру. ЖИТС-ты бірден жұқтыру мүмкін емес, бұл иммун тапшылығы жағдайы адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырудан басталады. Сондай-ақ АИТВ-инфекциясы арқан ЖИТС-ке әкелмейтін ескеру маңызды. Вирус адам ағзасына енгеннен кейін ол белгілі бір рецепторлары бар жасушаларда көбейе бастайды. АИТВ-ның әсерінен ең көп зардап шегетін – Т-лимфоциттер, CD4 жасушалары немесе көмекші Т-жасушалар. Осы жасушалардың ішіндегі вирустың көбеюі нәтижесінде жойылып, олардың саны біртіндеп азая

түседі. АИТВ-инфекциясы ұзақ уақыт бойы CD4 лимфоциттерінің саны айтарлықтай төмендеген кезде де сиптомсыз жүруі мүмкін. Алайда АИТВ-ның осындай әсері иммундық жүйені жұмысы біртіндеп және баяу (әдетте бірнеше жыл ішінде) бұзды. Ең алдымен, иммунитеттің жасушалық буынына қатысты. Иммунитеттің төмендеуі дененің әртүрлі инфекцияларға осал болуына әкеледі. Қарапайым сөзбен айтқанда, АИТВ – иммунитеттің нашарлауының себебі, ЖИТС – адам денсаулығына жылдам әлсіреуіне ықпал ететін АИТВ-ға байланысты дамыған аурулар тобы. Осылайша, ЖИТС (жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы) АИТВ-инфекциясынан ерекшеленеді, бұл – ауруға қарсы тиісті терапияны

қабылдамаған кезде пайда болатын АИТВ инфекциясының дамыған сатысы.

АИТВ-инфекциясы туралы және адамдар онымен 10 жылдан астам өмір сүре алатын туралы білім және оның соңғы сатысы – СПИД-тен айырмашылығы, олар өздерін инфекциядан қорғауға ғана емес, сонымен бірге егер бұл орын алса, жақын адамдарды вирустан қорғауға көмектеседі. Адамның иммун тапшылығы вирусын емдеудің ең тиімді әдісі – оны ерте диагностикалау. АИТВ-ның алдын алу – салауатты өмір салтын ұстану, денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың денсаулығына қамқорлық жасау. Сондықтан өмірді сақтау үшін алынған иммунитет тапшылығына күдік туындаған кезде сынақтар жүргізілуі керек. АИТВ-ға тексеруді АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығында: I.Есенберлин көшесі, 5/1, Е.Брусилловский көшесі, 4 мекенжайы бойынша немесе Астана қаласының кез келген емдеу-профилактикалық мекемесінде тексеруге болады.

С.Т.НҮРҒАЛИЕВА,
Астана қаласы АИТВ-инфекциясы алдын алу орталығының эпидемиолог көмекшісі

№41 (4785) 10/04/2025 Бейсенбі

ДАРЫНДАР ҮНДЕСТІГІ

«Астана Опера» театрының Күләш Байсейітова атындағы камералық залы сахнасында «Жастық пен шабыт» топтамасы аясында «Дарындар үндестігі» концерті өтті. Бұл жоба жас дарындарды қолдауға және дамытуға бағытталған. Ол жастарға беделді сахнада өнер көрсетуге және өз шеберлігін паш етуге мүмкіндік береді.



– Бізде жас дарындарды анықтауға және қолдауға арналған «Жастық пен шабыт» концерттер топтамасы секілді жобаның бар болғаны қандай керемет! Театрдың міндетіне опералық қойылымдар мен концерт ұсыну ғана кірмейді, сонымен

қатар онда мәдени тәрбие де бар. Театр өз кезегінде ұрпақтар сабақтастығына негізделген классикалық мәдениетті дамытуға әрі насихаттауға әрдайым мүдделі. Осы ретте бұл жоба жас әртістерге өз дарындарын «Астана Операның» беделді

сахнасында көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл өнер көрсетулер – олар үшін алдағы кәсіби дамуға үлкен серпін. Бәлкім, келешекте олардың арасынан айтулы шеберлер мен жарқын орындаушылар шығып қалар, – деді опера труппасының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Талғат Мұсабаев.

Концертке халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары, Қазақ ұлттық өнер университеті вокалдық өнер кафедрасының студенттері, профессорлар Талғат Мұсабаев пен Ботакөз Мұсабаеваның класында білім алатын шәкірттер қатысты. Қатысушылардың арасында беделді халықаралық опера академияларында оқудан өткен жас әртістер бар.

Мазмұнды әрі сан алуан концерт бағдарламасына В.А.Моцарт, Дж.Россини, Г.Доницетти, Дж.Верди, Дж.Пуччини, Л.Делиб, Н.Римский-Корсаковтың операларынан ариялар мен сахналар еніп, оларды жас әртістер орындады. Топтама одан әрі «Көктем ырғағында» концертімен жалғаспақ. Ол мамырдағы мерекелер қарсаңында, яғни 26 сәуірде К.Байсейітова атындағы камералық зал сахнасында өтеді.

10 МЫҢ ОҚУШЫ БАҚ СЫНАДЫ

Елордада балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2025» 18-қалалық шығармашылық байқауы өтуде. Онда астаналық 146 білім ошағынан 9800 оқушы өз өнерін ортаға салды.



Балақайлар халық әні мен хореографиясынан бастап театр өнері мен фотосуретке дейін 20 номинация бойынша 10 жанрда сынға түсті. Жарыс бірден бірнеше жерде өтті. «Хореография» бағдарламасы бойынша әртүрлі би стилінде 122 нөмір көрсетілді. Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейінде театрландырылған қойылымдар ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары драма, мюзикл, әдеби-музыкалық шығармалар ұсынды.

– «Шаттық» – жай ғана байқау емес, нағыз таланттар бағын ашатын шығармашылық кеңістік. Мұнда балалар өнер көрсетіп қана қоймай, бір-біріне қолдау көрсетіп, достар тауып, шабыттана бастайды. Бұл байқауда қаланың көптеген талантты өнерпаздары өсіп шықты, – деді Астана қаласы Білім басқармасы қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің бастысы Гүлфара Сарамбетова.

Іс-шара бір ай бойы жалғасады. Жеңімпаздардың есімі 29 сәуірде байқаудың үздік шығармашылық нөмірлері ұсынылатын гала-концертте жарияланады.

ОЙЫНДАР ЖАЛҒАСАДЫ

Бас қалада VI республикалық жастар ойындары аясында гандболдан жарыс өтіп жатыр. Ол 13 сәуірге дейін жалғасады. Бәсекеде 2004 жылғы қыздардан құралған 7 команда жүлдеге таласуда. Олардың арасында Астана және Шымкент қалалары, Павлодар, Түркістан, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда облыстары бар.



Елордалық команда жаттықтырушысы астаналық гандболшылардың дайындығы жайында айтып, оларға сәттілік тіледі.

– Бұл бәсекедегі міндетіміз – финалға дейін жету. Басты қарсыласымыз Шымкент қаласы мен Қарағанды облысы деп ойлаймын. Павлодар облысының алғаш рет қатысып отырғанын ескерсек, олардан да қауіп күтеміз. Бұл спорт түрі Астанада қарқынды дамып келе жатыр. Мысалы, 2024 жылғы мектеп лигасында 34 команда өнер көрсетсе, биыл бұл көрсеткіш 84-ке дейін көбейді. Қазіргі сәтте гандболмен елордада 2155 адам тұрақты түрде айналысады. Осының арқасында түрлі жас ерекшелігі бойынша

ұлттық құрамаға 68 спортшымыз еніп отыр. Ал ересектер сапында 12 спортшымыз бар. Бұйырса, ересектер құрамасы жыл соңында Германия мен Нидерланд Корольдігінде ұйымдастырылатын жаһандық додаға қатысады, – деді гандболдан Астана қаласының аға жаттықтырушысы Диас Ақмұрзаев. Алаңға шығып алғашқы жарысын бастаған астаналық команда Ақтөбе ұжымын 34:15 есебімен жеңді. Ақпан айында бастау алған VI республикалық жастар ойындары қазан айына дейін жалғасады. Төрт жылда бір ететін дүбірлі додада еліміздің барлық өңірінен жиналған спортшылар спорттың 34 түрі бойынша сынға түседі.

Бетті дайындаған **Шапағат ӘБДІП**

КӨЗ ТАРТАТЫН КӨРМЕ

Астанадағы ЭКСПО халықаралық көрме орталығында Flora Expo Astana 2025 халықаралық гүлдер көрмесі өтіп жатыр.



Осымен 12 жыл қатарынан өтіп жатқан іс-шараға биыл Нидерланд, Франция, Швейцария, Кения, Оңтүстік Корея, Жапония, Бельгия, Италия, Өзбекстан, Польша, Эквадор сияқты 20 елден 200-ден астам компания қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, былтырғы көрме жылыжай тақырыбына арналып, шара қонақтарының қызығушылығын туғызған көрінеді. Соны ескеріп, биыл да осы тақырыпты тереңдету туралы шешім қабылдапты. Жылыжайды автоматтандыру, климатты басқару, жылыжай ішіндегі жарық пен ылғалды цифрлық тәсілдермен реттеу мәселелеріне арналған тың шешімдер көрмеге қойылған. Айта кету керек, көрмеге өз өнімін ұсынған 200-ден астам компанияның 40-тан астамы «Қызғалдақтар елінен» келген. Сондай-ақ көрмеде Нидерланд компанияларының гүл



индустриясындағы инновациялық технологиялары, көгалдандыру мәселелері, қызғалдақ өсіру семинары, жылыжай бизнесі өкілдерінің форумы, Қазақстан флористикасының әлеуеті

тақырыптарына арналған 25 іс-шара ұйымдастырылды. Көрме аясында әлемнің гүл экспорты нарығында жетекші саналатын компаниялар шеберлік сағатын өткізді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300 **Тапсырыс № 41**

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсыя-2» ТК

☎ Кабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

✉ aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА